



АБАЙ АИМАҚ  
медиахолдингі

# SEMEYtanu

№44 (19796) 5 маусым, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ



“  
Білімнің мақсаты –  
ар ілімін игеру.  
Шәкәрім  
ҚҰДАЙБЕРДІҒЛЫ  
”

№ КҮНІ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

## АПТАНЫҢ БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



**АКТРИСА ЛИДИЯ КӘДЕНОВА  
АБАЙ ЕЛІНДЕ**

Өнер майталманы облыс әкімінің қабылдауында болып, семейлік көрермендермен жүздесті



**«ДӘУІРДІҢ ДАРАБОЗ  
ЖАЗУШЫСЫ»**

Қабдеш Жұмаділовтің 90 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті



**«ТҰҒЫРЛЫ РӘМІЗ – ТҰРАҚТЫ ҚОҒАМ»**

Мемлекеттік рәміздер күніне орай Семейде салтанатты шара өтті



### ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР ІСКЕ КІРІСТІ

Облыс басшысы «Зеленстрой» мекемесінің жаңа арнайы техникаларымен танысты



### БЕЙБІТШІЛІК АРАЛЫ ЖАҢАРУДА

Аралдағы жаңғырту жұмыстары аяқталды



### СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДА ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ, ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ҚАРҚЫНДЫ ЖҮГІЗІЛУДЕ. ОСЫ АПТАДА АИМАҚ БАСШЫСЫ БЕРІК УӘЛИ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛДАРЫН САЛУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.

**Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,  
«Semeitanu»**

Сонымен қатар аймақ басшысы 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай Семейдегі Республика алаңында өткен «Тұғырлы рәміз – тұрақты қоғам» атты салтанатты шараға қатысып, тұрғындарды мерекелен қуттықтады.

Облыс әкімі Берік Уәли құттықтау сөзінде мемлекеттік рәміздердің ел бірлігі мен тәуелсіздігінің символы екенін атап өтті. «Мемлекеттік рәміздер – елдіктің нышаны, ерліктің айғағы. Халқымыздың сан ғасырлық арпалысқа толы тарихи мен уақыттың қатал сынағынан өткен бай мәдениеті осы ұлттық бірегей белгілерде ерекше көрініс тапқан. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ұлт рәміздері – Тәуелсіздігіміздің киелі бейнесі. Елтаңба, Ту және Әнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады», – деп айрықша атап өткен болатын. Шын мәнінде, мемлекеттік рәміздер – елдік пен егемендіктің, бірлік пен берекенің, намыс пен рухтың көрінісі. Быыл Абай облысында Мемлекеттік рәміздер күні ерекше маңызға ие. Өздеріңізге белгілі, былтыр 25 қазан – Республика күнінде тұрғындарымыздың игілігіне пайдалануға берілген осы алаңды Республика алаңы деп атадық. Быылғы жыл басы, Наурызанамаңы алғашқы күні – 14 наурызда осы жерге алып Туымызды орнаттық. Ел астанасынан шаһарымызға келген әрбір мейманды қарсы алатын көк туымыз мәңгі желбірей берсін! – деді Берік Уәли.

Мерекелік жиынға мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың басшылары, ардагерлер, әскерилер, жастар және қала тұрғындары қатысты. Салтанатты жиында Мемлекеттік Ту көтеріліп, Әнұран орындалды. Жиналған қауым ел тәуелсіздігінің басты нышандары – Ту, Елтаңба және Әнұранға құрмет көрсетті.

Айта кетерлігі, Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында Семейдегі Бейбітшілік аралында Солтүстік Қазақстан облысының тартуы ретінде Рәміздер алаңының іргетасы қаланып, құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл нысан Абайдың туған күні қарсаңында ашылады деп жоспарланып отыр.

Салтанатты шара соңында жергілікті өнерпаздар

патриоттық әндерден концерттік бағдарлама ұсынды. Аптаның маңызды жаңалықтарының бірі - Семей қаласындағы Бейбітшілік аралында орналасқан «Өлімнен де күшті» монументі мен оған іргелес аумақта жүргізілген қайта жаңғырту жұмыстарының толық аяқталуы. Облыс әкімі Берік Уәли Бейбітшілік аралында болып, атқарылған жұмыстардың нәтижесімен танысты.

Жаңғырту барысында жалпы аумағы 10 мың шаршы метр болатын тас төсемдері толық ауыстырылып, заманауи тақтатастар төселді. Сонымен қатар «Өлімнен де күшті» монументі мен Бейбітшілік стелласы қалпына келтіріліп, автоматты суару жүйесі орнатылды. Сыртқы жарықтандыру желілері жаңартылып, кешеннің кіреберісі қайта жөндеді. Абаттандыру жұмыстары аясында гүлзарлар жасакталды.

Қазіргі уақытта арал аумағында Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асып жатқан «Абайға құрмет» акциясы аясында Рәміздер алаңының құрылысы жүргізілуде.

Нысанды аралаған облыс әкімі бұл орынның тарихи және рухани маңызына тоқталып, атқарылған жұмыстардың сапасына оң бағасын берді. «Өлімнен де күшті» монументі – халқымыз бастан өткерген ауыр кезеңдердің символы. Бұл жер тұрғындар мен қонақтар үшін тағылым алып, тынығатын ерекше мекен. Қазір мұнда Рәміздер алаңы салынып жатыр. Аумақтың табиғи өрі тарихи ерекшелігін сақтай отырып, оны көркейтуге ерекше мән беріп отырмыз. Жаңа алаңды Абайдың туған күні қарсаңында пайдалануға беру жоспарланған, – деді Берік Уәли.

Апта ішінде аймақ басшысы Семейдегі абаттандыру жұмыстарының барысымен де танысты. Облыс әкімі алдымен Мичурин көшесіндегі орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан учаскеде болды. Қазіргі уақытта ұзындығы 2,5 шақырымнан асатын көшеге асфальттың алғашқы қабаты төселген. Жоба аясында жол негізін нығайту, жол жиектерін ретке келтіру және инженерлік коммуникацияларды жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Нысанды маусым айының соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Қарағайлы шағын ауданына дейін салынып жатқан ұзындығы 1,5 шақырымдық жаяу жүргіншілер жолының құрылысын да көрді. Қалалық бюджет есебінен қаржыландырылатын жоба тамыз айының соңына дейін аяқталмақ.

Келесі кезекте аймақ басшысы Шәкәрім даңғылының Дулатов пен Гагарин көшелері аралығындағы ұзындығы 680 метр болатын бөлігінде салынып жатқан жаңа жаяу жүргіншілер жолының құрылыс барысымен танысты. Бұрын жиі су басатын ескі тротуар жаңартылып, 20 сантиметрге көтерілген.

Айта кетейік, өткен жылы облыс орталығындағы жиырмаға жуық көшеде жаңа жаяу жүргіншілер жолы салынса, биыл бұл жұмыстардың ауқымы кеңейіп, қырыққа жуық көшеде жаңа жолдар салынып, қолданыстағылары жаңартылуда.

Қаланы аралау барысында облыс басшысы «Зеленстрой» ЖШС-інің өндірістік базасында болып, мекеменің жаңа техникаларын көрді. Қаланы күтіп-ұстау, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарымен айналысатын кәсіпорын бүгінде 526 адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның ішінде 94 арнайы техника бар. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес Семей қаласының санитарлық тазалығын қамтамасыз ету, абаттандыру және коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында мердігер ұйымдар материалдық-техникалық базасын кезек-кезеңімен жаңартып, заманауи техникалар сатып алуда. «Зеленстрой» серіктестігі төрт заманауи вакуумды-сыпырғыш техника мен үш қоқыс тасымалдайтын арнайы көлік сатып алған.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жүктелген міндеттері тұрақты бақылауда болады. Өңірде коммуналдық қызметтердің материалдық-техникалық базасын жаңарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Жаңа техникалар халық игілігіне қызмет етіп, қаланың тазалығын сақтауға үлес қосады деп сенемін. Қаланы таза ұстау – коммуналдық мекемелермен қатар әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі, – деді Берік Уәли.

Кәсіпорын алдағы уақытта тағы 14 арнайы техника сатып алуды жоспарлап отыр. Олардың қатарында жыл бойы пайдаланылатын 10 комбинирленген жол машинасы, автогрейдер, тиегіш және тротуар тазалайтын техникалар бар.

Апта ішіндегі маңызды оқиғалардың бірі - Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің туғанына 90 жыл толуына орай Үржар аудандық мәде-

ниет үйінде өткен «Дәуірдің дарабоз жазушысы» атты ғылыми-практикалық конференция.

Облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен ұйымдастырылған бұл тағылымды шараға зиялы қауым өкілдері, әдебиет зерттеушілері, ұстаздар, жастар мен кітапсүйер қауым қатысты. Конференция барысында Қабдеш Жұмаділовтің ұлт тарихын, қазақтың тағдырын, азаттық рухын көркем сөзбен өрнектеген бірегей тұлға екені ерекше атап өтілді. Сондай-ақ көрермен назарына жазушының бай шығармашылығына арналған, заманауи QR-кодтармен жабдықталған арнайы кітап көрмесі ұсынылды.

Мерейтойлық жиын ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның шығармашылық мұрасын дәріптеуге, өскелең ұрпақтың тарихи сана-сезімін қалыптастыруға және ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.

Аймақ басшысы жұмыс кестесінің тығыздығына қарамастан өңірде тіркелген саяси партиялардың жетекшілері және өкілдерімен кездесуге де уақыт тапты. Басқосуда қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау, тұрғындардың сенімін нығайту және алдағы саяси үдерістерді тақ аясында ұйымдасқан түрде өткізу мәселелері талқыланды. Партия филиалдарының төрағалары мен өкілдері ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, экология, білім және мәдениет салаларына қатысты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Облыс әкімі көтерілген мәселелер мен ұсыныстар назарға алынып, алдағы жұмыстар барысында ескерілетінін айтып, өңірдің дамуы жолында бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Баршамыздың ортақ мақсатымыз – қоғамдық тұрақтылықты сақтап, халықтың сенімін нығайту. Бұл бағытта өзара түсіністік пен серіктестік негізінде бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз, – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі осы аптада Семейге сапарлап келген Қазақстанның халық әртісі, театр және кино актрисасы Лидия Каденовамен де кездесті. Кездесу барысында мәдениет пен өнерді дамыту, театр саласын қолдау, жастарды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу және шығармашылық байланыстарды нығайту мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы актрисаның қазақ өнеріне қосқан үлесін жоғары бағалап, өңірде мәдениет саласында жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы айтып, Кездесу соңында Берік Уәли өнер иесіне шығармашылық табыс тілеп, айтылған ұсыныстардың назарға алынатынын жеткізді.



# АПТА АЙНАСЫ

## ОБЛЫС ӘКІМІДІГІНДЕ

### ҰЛТ САУЛЫҒЫ - ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

**Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында өңірдегі онкологиялық аурулардың алдын алу және санын азайту, сондай-ақ, аймақтағы эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған жоспарлы алдын алу және диагностикалық іс-шаралардың орындалу барысы қаралды. Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты.**



Аудан және қала әкімдері бейне-режим арқылы қосылды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша денсаулық сақтау басқармасының басшысы Талғат Молдабеков пен ветеринария басқармасының басшысы Ержан Барышев баяндады. Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, облыста бүгінде 9170 онкологиялық науқас диспансерлік есепте тұр. Өңір тұрғындарына онкологиялық көмек 32 медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымы, 17 онкологиялық кабинет және 145 тексеру кабинеті арқылы көрсетіледі. Мамандандырылған көмек Семей қаласындағы Ядролық медицина және онкология орталығында ұйымдастырылған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыста 1 644 қатер-

лі ісікке шалдығу жағдайы тіркелді. Ерте анықталған науқастардың үлесі 34 пайызға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда артқан. Ал асқынған жағдайлар мен қатерлі ісіктен болатын өлім-жітім көрсеткіштері төмендеген. Биыл скринингтік тексерулерді күшейту, онкологиялық сақтықты арттыру, медицина қызметкерлерін оқыту және заманауи диагностикалық құралдармен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Соңғы жылдары орталыққа жаңа компьютерлік томограф, сәулелік терапия жүйесі және эндоскопиялық жабдықтар алынып, мамандарды шетелде оқыту қолға алынған. 2024 жылдан бері 30 маман шетелдік клиникаларда біліктілігін арттырды. Жиында аймақ басшысы онкологиялық аурулардың алдын алу

мен ерте анықтау жұмысының маңызына тоқталды.

«Бұл – тек денсаулық сақтау саласының ғана емес, бүкіл қоғамның, жергілікті атқарушы органдардың және әрбір азаматтың күш-жігерін талап ететін маңызды әлеуметтік мәселе. Соңғы жылдары облыста онкологиялық ауруларды ерте анықтау бойынша тиісті жұмыстар атқарылғанымен, сырттан деңгейі әлі де өзекті болып отыр. Әсіресе, ауылдық жерлерде скринингтік тексерумен қамту, тұрғындардың медициналық белсенділігі, салауатты өмір салтын қалыптастыру және алғашқы медициналық көмектің сапасы бойынша жүйелі жұмыстарды күшейту қажет. Мемлекет басшысы халық денсаулығын жақсарту және алдын алу мәселесіне әрдайым ерекше көңіл бөліп келеді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар нақты нәтижеге бағытталуы тиіс», – деді Берік Уәли.

Күн тәртібіндегі мәселені қорытындылаған облыс әкімі қатерлі ісікті ерте анықтау көрсеткіштерін жақсартуды, скринингтік тексерулермен қамтуды арттыруды, халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, медицина қызметкерлерін оқытуды жалғастыруды және онкологиялық науқастарды уақтылы диагностикалық алу мен емдеуді қамтамасыз етуді тапсырды.

**Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі**

## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ



### СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ: ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Абай өңірі үшін тарихи әрі әлеуметтік маңызы зор мәселелердің бірі – Семей ядролық сынақ полигонының зардаптары. Осы бағытта жұмыс істеп келе жатқан «Комитет Полигон-21» қоғамдық бірлестігі өз қызметін жүйелі түрде жалғастырып келеді. Сәрсенбі, 3 маусым күні бірлестіктің кезекті отырысы өтіп, алғашқы жарты жылдықта атқарылған жұмыстары қорытындыланды.**

**Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,**  
**«Семей таңы»**

Жиында бірлестік мүшелері, қоғам белсенділері, облыстық мәслихат депутаттары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Кездесу барысында қоғамдық бірлестіктің мүшесі Жәмилә Қамбарова ұйымның экологиялық, әлеуметтік және ағартушылық бағыттағы жұмыстары туралы баяндады.

Жәмилә Хасенқызының айтуынша, биыл қоғамдық ұйымның бастамасымен «Жадымыз таңырымызда» экологиялық акциясы ұйымдастырылып, оның аясында Семей қаласындағы «Өлімнен де күшті» монументі маңына 35 түп шырша көшеті отырғызылған. Сонымен қатар полигон зардаптарын жою, экологиялық қауіпсіздік және әлеуметтік қолдау мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық конференциялар, кездесулер мен куракторлық сағаттар, жастар арасында эссе және шығарма байқаулары өткізілген.

Жиында сөз алған ұйым төрағасы Марат Құрманбай қоғамдық бірлестік құрылған уақыттан бері жүйелі жұмыс жүргізіліп келе жатқанын айтты. Оның айтуынша, осы уақытқа дейін 50 мыңнан астам азаматтың қолы жиналып, мемлекеттік органдарға бірқатар ұсыныстар жолданған.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында полигоннан зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі заң өз нәтижесін берген еді. Өңір халқы әлеуметтік көмек алды, 50 жас-тан зейнетке шықты. Алайда уақыт өте келе заңның көптеген нормалары бүгінгі талаптарға сай келмей қалды. Сондықтан заңнамаға өзгерістер енгізу – уақыт талабы. Осы бағытта министрліктермен, саяси партиялармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізіп келеміз, – деді Марат Құрманбай.

Ұйым төрағасының айтуынша, 2019 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірге сапары кезінде Семей ядролық сынақ полигонына қатысты заңнамамен жетілдіру және зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау тетіктерін

күшейту мәселесі көтерілген болатын. Осыған байланысты Үкімет жанынан ведомстваралық комиссия құрылған. Алайда бұл бағыттағы жұмыстар әлі толық нәтиже берген жоқ.

– Ведомстваралық комиссия құрамына Абай облысынан қоғам белсенділері мен дәрігерлерді енгізу жөнінде жарты жыл бұрын ұсыныс хат жолданғанбыз. Өкінішке қарай, оған жауап алған жоқпыз. Қазіргі уақытта комиссияның жұмысы да тоқтап тұр, – деді ұйым төрағасы.

Жиында айтылғандай, полигонның салдары бүгінгі күнге дейін толық жойылмаған. Қазіргі таңда Семей медициналық университетінің ғалымдары Абай, Жаңасемей, Бесқарағай аудандарында тұратын тұрғындардың үш ұрпағы бойынша медициналық зерттеулер жүргізіп, радиацияның ұзақ мерзімді әсерін зерделеуде.

Бірлестік өкілдерінің пікірінше, полигон мәселесін шешу үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесу қажет.

– Полигон мәселесін көтеріп, заңнамаға өзгеріс енгізу – уақыт талабы. Бұл өзекті мәселе қоғамдық ғана ұйымдардың емес, мемлекеттік органдардың, ғылыми қауымдастықтың және саяси институттардың ортақ міндеті болуы тиіс. Осы мақсатта ұйым жеті саяси партиямен, қоғамдық ұйымдармен және жоғары оқу орнындағы ғылым институттарымен бірлесіп жұмыс жасауда қол қойды. Біз қазіргі таңда комиссия құрып, құрамын бекітіп, жұмыс жоспарын айқындадық, – деді Марат Сәрсенқали.

Бірлестік мүшелері облыс және қала әкімдіктерімен тұрақты кездесулер өткізіп, әлеуметтік қолдау мәселелеріне қатысты бірлескен жобаларды іске асыру жолдарын талқылап келеді. Халықаралық деңгейде де антиядролық ұйымдармен байланыстар орнатып, бейбітшілік пен қауіпсіздік құндылықтарын насихаттауға бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Жиын барысында әлеуметтік желілерде таратқан «полигон куәлігі жарамсыз» деген ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтіні айтылды. Аталған құжат қазіргі уақытта да заңды күшін сақтап отыр.

## ҚҰРЫЛЫС: САПА МЕН МЕРЗІМ ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ

**Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен жиында өңірдегі құрылыс нысандарының жай-күйі қаралды.**

**Еркежан ҚАЙСА,**  
**«Семей таңы»**

Аталған мәселе бойынша мемлекеттік саулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Сайлауғалы Байназаров баяндады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің №86 бұйрығына сәйкес, мамыр айының 12-23 күндері аралығында облыстағы бюджеттік құрылыс нысандарына мониторинг жүргізілген. Мониторинг барысында Семей қаласы мен 7 аудандағы 100-ден астам құрылыс нысаны қамтылып, жұмыстардың ұйымдастырылу барысы, жобалық құжаттаманың жүргізілуі және техникалық қадағалау деңгейі жеті тексерілді.

Қазіргі таңда облыста білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және

әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша бірнеше маңызды нысанның құрылысы жалғасуда. Атап айтқанда, Абай ауданы Қарашоқы шатқалындағы балалар лагері, Семей қаласындағы №4 және №30 мектептерге жаспаржай құрылысы, Ұржар ауданындағы коронарлық араласу орталығы, Аягөз аудандық ауруханасы жанындағы МРТ гимараты, Қурчатов қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Бесқарағай ауданындағы жүзу бассейні, сондай-ақ бірқатар мәдениет үйлері мен әлеуметтік нысандардың құрылысы жүргізілуде.

Облыс әкімі Берік Уәли құрылыс сапасына қатысты талапты күшейту қажеттігін ерекше ескертті.

– Өңірдің дамуы тұрғын үй құрылыстарымен ғана емес, әлеуметтік нысандардың сапалы әрі уақтылы салынуы-

мен де өлшенеді. Сондықтан біз үшін ең бастысы – нақты нәтиже. Әрбір нысан құрылыс талаптарына сай, сапалы орындалып, белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі тиіс. Құрылыс барысындағы бақылау, жобалық құжаттаманың талапқа сай жүргізілуі және анықталған кемшіліктерді дер кезінде жою мәселелері ерекше назарда болды, – деді Берік Уәли.

Кенесті қорытындылаған облыс әкімі қала және аудан әкімдеріне, салалық басқармалар мен тапсырыс беруші мекемелерге құрылыс нысандарындағы жұмыстарға бақылауды барынша күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ жобалық-сметалық құжаттаманың сақталуын, құрылыс материалдарының сапасын, техникалық және авторлық қадағалау жұмыстарын тиімді жүргізуді міндеттеді.

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

# ДАРАБОЗ ЖАЗУШЫ ЕСІМІ ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА МӘҢГІ ҚАЛУ КЕРЕК



**Халық жазушысы, «тарих тылсымының тарланы» Күдері Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ 1936 жылдың сәуір айында Қытай Халық Республикасында, Шыңжаң өлкесі Тарбағатай аймағының Малдыбай ауылында дүниесі ашқан. Тәңірім оның маңдайына екі алып империяны, бірнеше саяси жүйені көруді жазған екен. Шәуешек гимназиясын бітірген соң, Қытай өкіметінің қолдамасымен 1956 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ге оқуға түседі. Алайда КСРО мен ҚХР арасындағы қатынастар салқындағаннан кейін, 1958 жылы Қытай билігі студенттерді кері шақыртып алады.**

Қабдеш Жұмаділов осыдан кейін төрт жыл қуғын-сүргінде жүреді. Нәбәрі 22 жасында оған «ұлтшыл» деген айдар тағылып, жабайы көмір шахталарының біріне, «еңбекпен түзеу лагеріне» жіберіледі. Тағдырдың талай қатаң сынынан аман қалған ол шопалқ саясаттың салдарынан ашаршылық жайлап бастаған Тарбағатай қазақтарын тарихи отанына көшіруді ұйымдастырды. Сол көштің бұйдасын ұстап, қалың елді атамекенге бастап өткен Қабдеш Жұмаділов еді. Бұл - оның ең үлкен еңбегі.

Халқына осыншама еңбек сіңіріп, оның жемісін көру кез келген адамның маңдайына бұйыра бермейді. Бұл иманның беріктігі, тектілігі, намыс пен жігерді талап етеді. Қабдеш ағамыздың арғы атасы Смайыл Шыңжаң қазақтары арасынан алғашқылардың бірі болып Меккеге барып, қажылық парызын атқарып келген адам. Ол 1932-1933 жылдардағы ұжымдастыру кезінде Қытай еліне өткен босқын қазақтарды бір ауылға топтастырып, қоныс беріп, мал үлестірген. Ауыр бейнетпен шекара асқан қазақтарды ешкім басынан сипап қарсы алған жоқ. Смайыл қажы мен Дәмежан үкірдай айтысып-тартысып жүріп жергілікті қалдайлардан екі құлақ су алып, егін салып, қазақтарды отырықшылыққа үйрету арқылы аштықтан аман алып қалған.

Қабдеш ағамыздың әкесі Күдері ақсақал 30 жасында қара қылды қақ жарған, ел-жұртына беделді би болған адам. Міне, осындай қара қазақтың алғысы мен батасын алған Смайыл мен Күдерідей тектілердің ұрпағы Қабдеш те елім деп еңіреген Шыңжаң қазақтарының бабалар мекеніне оралуына есепсіз еңбек сіңірді. Шыңжаң қазақтары Қазақстанға қопарыла көшті. 1962 жылдың 10 сәуірі мен 1 мамыры аралығында Тарбағатай аймағынан 200 мыңнан астам халық бес застава арқылы өтіп, тарихи отанына оралды.

Атамекенге табан тірегенде ағайын-туыс далада қалмасын деп, әлеуметтік және саяси қолдау сұрап, өкімет басшыларына ресми хат жолдап отырды.

Бұл көш Қазақстанның экономикасына да үлкен серпін берді, колхоз-совхоздар кеңейді. Мысалы, Семей облысында Жарбулақ совхозы осы ағайындардың еңбегімен гүлденіп, «Еңбек Қызыл ту» орденімен

марапатталды. Бүгінгі таңда сол уақытта қоныс аударған ағайындардың ұрпағы миллионнан асады. Олардың арасынан қаншама қоғам қайраткерлері, өнер, мәдениет, әдебиет майдандары мен ғылым мен білім салаларының қызметкерлері шықты. Кейін халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов бұл оқиғаға «Бұл қазақтың сұйылы бара жатқан қанын қайта қоюлапқан құбылыс болды» деп баға берді.

Бұл - Қабдеш бауырымыздың халқына сіңірген үлкен еңбегінің бір бөлігі ғана.

Қандастар атамекенге орныққаннан кейін, Қабдеш Жұмаділов университеттегі оқуын қайта жалғастырып, 1965 жылы оны үздік бітіреді. «Қазақ әдебиеті» газетіне тілші болып орналасып, әдебиет әлеміне қадам басады. Көре алмай аяқтан шалғысы келгендер көп болса да, «алмас қылыш қап түбінде жатпады». Кейін оның «Мұзжарғыш» атануы да тегін емес.

Тар жол, тайғақ кешуден өте жүріп, Қабдеш Жұмаділов қазақ руханиятының алтын қорына енген «Соңғы көш», «Дарабоз», «Сар жайлау», «Таңғажайып дүние», «Жан мен Тән», тағы басқа романдар жазды. Қабдеш Жұмаділовтің қаламынан 10 роман, 21 повесть, 70-тен астам өңгіме туды. Ал оның елдің маңдайық-саяси, әлеуметтік өміріне арналған публицистикалық мақалаларының өзі бірнеше томға жүк болады. Жазушының ұлтымыз, тіліміз бен діліміз, дініміз үшін басын бәйгеге тігіп, тарихымызды қара күйден тазартып, елдік рухымызды көтеру жолында атқарған жанкешті еңбегі ешқашан ұмытылмай емес. Өйткені оның шығармаларының негізінде ел тағдыры, әділдік пен адалдық идеялары жатыр. Жазушының бұл ұстанымдары ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан идеясымен ұштасып жатыр.

Ел мен жер тағдырын шығармаларына арқау еткен жазушы – Ұржар, Тарбағатай, Аягөз, Зайсан аудандарының және Алматы қаласының Құрметті азаматы.

Қабдеш аға мен өмірлік жары Сәуле жемгіміз төрт ұл, бір қыз баланы мәпелеп өсірді. Тұңғыш немересін, Баймұрат есімді шөбересін көріп, өмірден өтті.



Биыл, Қабдеш Жұмаділовтің туғанына 90 жыл толуына орай, ұлт мақтанышына айналған көрнекті қалагердің шығармаларын кеңінен насихаттау, азаматтық тұлғасы мен ізгі істерін өскелең ұрпаққа үлгі ету мақсатында халық жазушысының есімін мәдени-ағарту мекемелеріне беру мәселесі Үкімет тарапынан қолға алынып, 84 іс-шара жоспарланған екен. Соның бір көрінісі – Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өткізілетін «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында 2026 жылы оқитын кітап ретінде Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романының таңдалуы.

Ал Абай облысы халқының қазақ әдебиетінің классигі Қабдеш Жұмаділовке деген құрмет, ықыласы ерекше. Бұған «Қабдеш бұлағы», «Қабдештің төбесі» сияқты жазушының көзі тірісінде берілген атаулар да дәлел. Енді жазушының есімін Абай облысындағы мектеп, кітапхана, көшелерге беретін уақыт жетті деп ойлаймыз. Осы орайда Ұржар ауданындағы Таскескен ауылы маңындағы, халық арасында «92-ші шақырым» атанып кеткен, бүгінде Қабдеш бекеті аталатын жазушының ақ күмбезді кесенесінің алдына кәсіпкер азаматтардың қолдауымен ескерткіш қоюды қолға алып отырмыз. Кітаптан мәңгілік ескерткіш тұрғызылған тұлғаға тастан ескерткіш көтеру – біздің перзенттік парызымыз.

Осыған байланысты Абай облысы басшылығынан Қабдеш Жұмаділов кесенесінің алдында немесе аудан орталықтарының бірінде, болмаса Семей қаласында ескерткіш тұрғызуға рұқсат беретін тиісті қаулы қабылдауды сұраймыз. Бұл бастаманы Абай, Шығыс Қазақстан және Жетісу облыстарының жұртшылығы түгел қолдайтыны сөзсіз. Ісіміз берекелі болсын!

**Құдыш ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**  
**«Майбұлақ» шаруа қожалығының директоры,**  
**Ұржар ауданы**



«Вокал», «Хореография», «Қолөнер», «Аспапта орындау» жанрлары бойынша екі кезеңмен өткен байқауға Абай, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Жетісу облыстарының арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарынан, мектептер мен әлеуметтік мекемелерден өнерлі балалар қатысты. Байқаудың бірінші – іріктеу кезеңінде қатысушылардың бейнежазбалары онлайн форматта қабылданып, қазылар алқасының шешімімен үздік өнерпаздар қорытынды концертте жолдама алды.

**Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,  
«Semei tanu»**

Биылғы байқау бұрынғыдан өзгерек. 2022 жылдан бері облыстық деңгейде ұйымдастырылған байқау биыл тұңғыш рет республикалық сипат алды.

Мерекелік шараға Абай, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Жетісу облыстарынан арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін орталықтардан, мектептер мен әлеуметтік мекемелерден 100-ден астам бала қатысты. Армения Республикасынан ерекше қажеттіліктері бар жандарға арналған халықаралық «Tshakhtuk» инклюзивті фестивалінің негізін қалаушы, апалы-сіңлілі Анна, Ануш және Анаит Мхитарян құрметті қонақтар ретінде шақырылды.

Балалардың мерекесіне орай мекеме ауласы ерекше сән-салтанатпен безендірілді. Ақ шаңқал кийі үйлер тігіліп, ашық аспан астында сахналық алаң ұйымдастырылды.

Мерекелік көңіл-күй әр баланың жүзінен айқын сезіліп, айналаны қуаныш пен шаттыққа толтырды.

Қонақтарды орталық директоры Салтанат Селиханова бастаған мамандар алаңда қарсы алды. Меймандар алдымен әлеуметтік қызмет көрсету орталығын аралап, мекеменің тыныс-тіршілігімен танысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «балалардың амандығы мен бақытты балалық шағы – еліміздің жарқын болашағының берік кепілі». Осы қағиданы негізге алған байқау ерекше балалардың өнері мен талантына қолдау көрсетіп, олардың бойындағы өмірге деген сенімді нығайтуды көздейді. «Үміт оты - 2026» - әрбір баланың жүрегінде үміт сәулесін жағып, арманына қанат бітіретін рухани-шығармашылық алаң. Біз әр баладан болашақтың биік тұлғасын көреміз, ал олардың әрбір жетістігі – біз үшін үлкен қуаныш. Байқаудың ауқымы кеңейіп, аудандар, өңірлер арасында ғана емес, халықаралық деңгейде мемлекеттер арасындағы достық пен ынтымақтастықтың алтын көпірі айналып отырғаны қуантады. - деді Ұржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Салтанат Селиханова.

Келесі кезекте қонақтар орталық қызмет алушылары мен тұлқаларының мерекесіне арнайы әзірлеген шағын концертті тамашалады. «Феличита», «Ертегілер», «Отаным», «Мечта», «Бипыл», «Бақыт деген», «Самое главное – наши дети» әндерін әуелете шырқаған өрендердің өнеріне жиналған қауым ерекше тәнті болды.

Мерекелік шарада Ұржар ауданы әкімінің орынбасары Ермек Сейілғазин мен Абай облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Айман Нұрлыбек құттықтау сөз сөйледі.

Айман Нұрлыбек өз сөзінде өңірде халықтың әлеуметтік осал топтарына жан-жақты қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, облыс аумағында 21 мемлекеттік және 5 үкіметтік емес ұйым ерекше қажеттілігі бар балаларға ғана емес, жалпы мүгедектігі бар азаматтар мен қарттарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

Бүгінде облысымызда мүгедектігі бар 23 809 адам тіркелген. Оның ішінде 3 036-сы – балалар. Өңірдегі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында 4 941 адам қызмет алады, олардың 983-і – балалар. Бұл көрсеткіштер әлеуметтік қолдау жүйесінің маңыздылығын айқындап, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыстардың өзектілігін көрсетеді.

Шағын концерттен соң мекеме директоры Салтанат Селиханова орталықтың белсенді қызмет алушылары мен олардың жетекшілеріне марапаттар тапсырды.

Жас колөнершілер Малика Тұрсынова (жетекшісі – Галина Тоцких), Әлихан Жасуланов (жетекшісі – Ардақ Қасымов), Мадина Серік (жетекшісі – Эльмира Қасымжанова), Раяна Тимурқызы (жетекшісі – Нурсель Такаева), Алау Еркінқызы (жетекшісі – Жанар Смаилова), Бақберген Тұрсынов (жетекшісі – Жанат Дюсекенова), Қасер Жақыпбек (жетекшісі – Ерлан Тұрдахунов), Күмісай Қыдырбек (жетекшісі – Гемехан Бағизат) марапатталды.

Сондай-ақ мерекелік шараның көрініс қыздырған халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары мен дипломанттары - мекеменің қызмет алушылары мен тұлқалары Бағлан Манабаев, Ақниет Қасенова, Ажар Кабилова, Мәлдір Тыныбекова, Әлихан Жасуланов, Нұрәділ Еркін, Фатима Ғалым, Жұмабек Еркеназ, Слямқан Елдана, Айғаным Аширова,

Ердос Болатбек, Ажар Тохмасова, Мадина Серік, Аяна Мұқажанова, Әлібек Төлегенов, Мерей Маликов, Индира Нысамбаева және орталық мамандары Галина Тоцких, Райгүл Оразбаева, Гүлжан Байсүгірова, Ардақ Джаканова, Ирина Захаренко, Наргүл Садығұлова, Жанат Дюсекенова, Тұрсынхан Букеджанова, Жанар Смаилова, Нұрсел Такаева, Айдын Абылғазин, Дамир Еңсебаев және Арайлым Тавко да марапаттарға ие болды.

Бүгінде балалар ғана емес, ата-аналар да асыға күтетін де ерекше мерекесіне айналған «Үміт оты» байқауының гала-концертіне өткен жылдардағы жеңімпаздар да шақырылған екен. Солардың бірі - Бауыржан Кәрібасов.

— Баламыз Бауыржан Кәрібасов 2022 жылы өткен «Үміт оты» байқауында «Қолөнер» аталымы бойынша жеңімпаз атанған болатын.

Жетісу, Шығыс Қазақстан облыстарынан, Семей, Өскемен, Павлодар, Талдықорған қалаларынан, Ұржар, Аягөз, Жарма, Ақсуат, Бесқарағай аудандарынан келген үздік өнерпаздар қазақтың ұлттық әндері мен билерін, аспаптық шығармаларды орындап, заманауи композициялар ұсынды.

Шара барысында сөз алған Армения Республикасынан келген құрметті меймандар ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіріп, балаларға ақжарма тілектерін арнады.

Қонақтар бала көз келген мемлекеттің ең қымбат қазынасы әрі жарқын болашағы екенін атап өтті.

— Қай елде, қай жерде болмасын, бала – мемлекеттің болашағы. Барлық балаға ба-

не белсенді араласуына жағдай жасау және тең мүмкіндіктер қағидатын ілгерілету. Трапарт мәдениет пен өнерді қолдау, тәжірибе алмасу, ақпараттық-әдістемелік ынтымақтастықты дамыту, балалар мен жастарға арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ қоғамдық маңызы бар мәдени және қайырымдылық шараларды бірлесіп ұйымдастыру үшін өзара әріптестік орнатуға келісті.

Айт кетсек, 2021 жылдан бері апалы-сіңлілі Мхитарян Ануш, Анаит және Аннаның бастамасымен Армения елінде ерекше қажеттілікте-

ша, «Вокал», «Аспапта ойнау», «Хореография» және «Бейнелеу өнері» номинациялары бойынша 8 бас жүлде иегері анықталып, оларға кубоктар, дипломдар және бағалы сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар 10 қатысушы І орын, 10 қатысушы ІІ орын, 9 қатысушы ІІІ орын иеленіп, арнайы дипломдарға, бағалы сыйлықтарға ие болды. Қатысушылардың жетекшілеріне алғыс хаттар тапсырылды.

Сондай-ақ AMANAT партиясы тағайындаған «Көрермен көзайымы» номинациясы бойынша 2 қатысушы марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Семей қаласындағы Абай облысының мүгедектігі бар адамдарды оңалту орталығының тәрбиеленушілері Ерасыл Мұратбек пен Мағура Жанымқанова, Жетісу облысынан Мирас Серікқанұлы, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданынан Марғұлдан Жеңісбеков, Павлодар қаласынан Айдана Құнанбаева бас жүлдеге ие болды.

«Хореография» номинациясы бойынша бас жүлдені Жарма ауданының «Алау» би тобы, аспапта орындау аталымында Ұржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының «Шапағат» ансамблі иеленді.

«Қолөнер» номинациясында Ақсуат ауданынан Азамат Рахатұлы мен Ұржар ауданынан Раяна Бисултанова үздік деп танылды.

Ұйымдастырушылар мен қатысушылардың пікірінше, бұл шараның ең басты жетістігі – балалардың сахнаға шығып, өз өнерлері мен қабілеттерін көрсетуі, жаңа достар тауып, өздеріне деген сенімдерінің артуы. Мұндай байқаулар ерекше қажеттілігі бар балалардың шығармашылық өлеуетін ашып қана қоймай, олардың қоғаммен етене араласуына, жаңа орта қалыптастыруына және болашаққа деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Талдықорған қаласындағы «Қамқор» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының басшысы Меруерт Жиенбекова соңғы жылдары мемлекет тарапынан ерекше қажеттілігі бар жандарға көрсетілетін қолдаудың артып келе жатқанын атап өтті.

— Жыл сайын мемлекет тарапынан ерекше қажеттілігі бар азаматтарға жасалатын қолдау күшейіп келеді. Бүгінде біз өз облысымызбен ғана шектелмей, еліміздің түрлі өңірлерінде ұйымдастырылатын байқаулар мен мәдени іс-шараларға қатысып жүрміз. Өңірлер арасындағы әріптестік байланыс та жақсы жолға қойылған. Балалардың республикалық деңгейдегі сахналарда өнер көрсетуі – олардың өздері үшін де, ата-аналары үшін де ерекше қуаныш әрі үлкен жетістік, – дейді Меруерт Жиенбекова.

Ерекше балаларды шығармашылық байқауларға дайындау үлкен тәзімділік пен қажырлы еңбекті талап етеді. Жетісу облысынан келген музыка жетекшісі Жанар Рамазанқызы әрбір өнер көрсетудің артында ұзақ дайындық пен тынымсыз еңбектің жатқанын айтты.

— Балаларға алдымен өннің өуені мен ырғағын түсіндіріп, сөздерін жататамыз. Сонымен қатар олардың есте сақтау қабілетін дамытып, әрбір қимыл-қозғалысты дұрыс орындауға үйретеміз. Би қимылдарын үйрету де оңай жұмыс емес. Бұдан бөлек, сахна мәдениетіне үйретіп, көрермен алдында өзін еркін ұстай білуге тәрбиелейміз. Балалардың сахнадағы әрбір жетістігі – ұстаздар мен тәрбиеленушілердің бірлескен еңбегінің нәтижесі, – дейді ол.

Мерекелік шараға орталықтың негізін қалаушы, зейнеткер Рысхан Жағыпарқызы да қатысып, ізгі лебізін білдірді. Ол өз сөзінде орталықтың жылдар бойы ерекше қажеттілігі бар балалардың бойындағы қабілетті ашып, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына зор үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

— Бұл орталық көптеген балалардың өміріне оң өзгеріс әкелген қасиетті шаңыраққа айналды. Өр баланың бойында қайталанбас талант пен ерекше мүмкіндік бар. Сол қабілетті байқап, дамытып, балалардың өз күшіне сенуіне жол ашып жүрген ұжымның еңбегі зор. Бүгінде орталық тәрбиеленушілерінің түрлі байқауларда жеңіске жетіп, өнер мен шығармашылықта өз орнын табуы – жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесі. Ұжымға шығармашылық табыс, толағай жетістіктер, ал тәрбиеленушілерге жарқын болашақ пен жаңа жеңістер тілеймін, – деді Рысхан Жағыпарқызы.

Шара барысында айтылған жылы лебіздер мен ақ тілектер ерекше балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлық пен қолдаудың маңызын тағы бір мәрте айқындап, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

«Үміт оты» – жай ғана өнер байқауы емес. Ол – жүректерге сенім ұялататын, мейірім мен адамгершілікті дәріптейтін, ерекше балалардың қоғамдағы орнын айқындайтын маңызды әлеуметтік жоба. Байқау жыл сайын жүздеген балаға қанат бітіріп, олардың өз армандарына ұмтылуына жол ашып келеді.

Өнер мен достықтың, үміт пен сенімнің мерекесіне айналған «Үміт оты - 2026» байқауы қатысушылардың жүрегінде ұзақ сақталары сөзсіз. Себебі бұл шара әр баланың бойындағы жарықты көре біліп, сол жарықты алауға айналдыра алған ерекше жобалардың бірі болды. Ерекше балалардың өнерін қолдап, олардың шексіз мүмкіндіктерін танытып келе жатқан «Үміт оты» сенбесін!

# ШЕКСІЗ МҮМКІНДІК: ҮМІТ ПЕН СЕНІМ

**1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінде Ұржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылатын «Үміт оты - 2026» байқауының қорытындысы шығарылып, гала-концерт өтті.**



Ұлымның жүрегінде үміт отын жағып, өнерін шыңдауға, өзіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік берген осы Ұржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мамандары деп сеніммен айта аламын. Өсіресе Салтанат Қаймолдақызына айтар алғысым шексіз. Кейінгі буынға үлгі болсын деген ниетпен бүгін осы шараға қонақ ретінде қатысып отырмыз, – дейді Ақсуат ауданынан арнайы келген Гүлжан Қамбарқызы.

Анасының айтуынша, осы сайысқа қатысу үшін Бауыржан көп дайындалыпты. Байқауда жеңіске жетуі оның шығармашылық қабілетін одан әрі дамытуына, үлкен өнер жолына қадам басуына ықпал еткен. Бауыржан сол байқаудан соң өзге де республикалық, облыстық және аудандық конкурстарға қатысып, жеңімпаз атаныпты. Енді, міне, орталықта жас суретшінің жеке көрмесі ұйымдастырылып отыр. Бауыржанның көрмеге қойылған шығармашылық жұмыстары келушілердің ерекше қызығушылығын тудырды.

Абай облысы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Айман Нұрлыбек дарынды жасты алғыс хатпен марапаттап, бағалы сыйлық табыс етті.

Байқау қорытындысы түстен кейін Ұржар аудандық Мәдениет үйінде өткен гала-концертте жарияланды. Концертте

қыз балалық шақ, мықты денсаулық және бейбіт өмір тілейміз. Осындай игі бастамалар арқылы Қазақстан мен Армения арасындағы достық пен әріптестік байланыс одан әрі нығая түседі деп сенеміз. Болашақта Абай облысымен ғана шектелмей, Қазақстанның өзге өңірлері мен басқа да елдермен әріптестік қарым-қатынас орнатып, үлкен достық пен ынтымақтастық алаңына айналады деп ойлаймын, – деді «Чахрук» қоғамдық ұйымының директоры Ануш Мхитарян.

Шетелдік қонақтардың ізгі лебізі іс-шараға қатысушыларға ерекше әсер етіп, халықаралық ынтымақтастық пен достық қарым-қатынастың маңызын айқындай түсті.

Концерт барысында қоғамдық ұйым мен мемлекеттік мекеме арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжатқа ерекше қажеттілігі бар азаматтарды қолдаумен айналысатын «Чахрук» қоғамдық ұйымының директоры Ануш Мхитарян мен Абай облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Айман Нұрлыбек қол қойды.

Меморандумның негізгі мақсаты – мәдени, шығармашылық және әлеуметтік бастамаларды бірлесіп жүзеге асыру, инклюзивті ортаны дамыту, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың қоғам өмірі-

рі бар жандарға арналған халықаралық «Tshakhtuk» инклюзивті фестивалі дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Ұржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қызмет алушылары бірнеше жылдан бері Арменияда өтетін осы халықаралық фестивалге қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

— Біз екі ел арасындағы әріптестік байланыстың үзілмеуін қалаймыз. «Tshakhtuk» Халықаралық инклюзивті фестиваліне қатысқан ұржарлық өрендер арқылы сіздердің ұлттық өнерлеріңізден сусындадық. Бүгін де сахнада өнер көрсеткен кішкентай жұлдыздар арқылы төл мәдениеттеріңізбен танысып жатырмыз. Қазақ халқының қонақжайлылығын, өнері мен мәдениетін ерекше бағалаймыз, – дей келе Ануш және Анаит Мхитарян Ұржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Салтанат Селихановаға естелік сыйлық табыстайды.

Меймандар қонақәделерін де дайындап келіпті: сахна төрінде ұлттық аспаптарымен өнер көрсетті.

Гала-концерт барысында үздік өнер көрсеткен қатысушылар вокал, хореография, аспапта орындау және қолөнер номинациялары бойынша марапатталды.

Байқау қорытындысы бойын-



# АЙМАҚ ТЫНЫСЫ



## АБАЙ ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ МЕРЕКЕ

Халықаралық Балаларды қорғау күні Абай ауданында өзіндік сән-салтанатымен аталып өтті. Қарауыл ауылында «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мерекеге аудан әкімі Мейіржан Смағұлов қатысып, бүлдіршіндерге ізгі тілегін жеткізді.

Шара барысында балалардың концерттік бағдарламасы ұсынылды. Ұлт күні сондай-ақ балдырғандар сурет салудан, ұлттық ойындардан өткен сайыстарға қатысып, роботтехника көрмесін, төтенше жағдайлар қызметінің арнайы техникалары мен құрал-жабдықтары қызыға тамашаланды.

Мереке соңында бүлдіршіндерге тәтті-дәмділер таратылып, түрлі сайыстарға белсенді қатысқандарға мадақтамалар мен арнайы сыйлықтар табыс етілді.

## «БЕЛГІСІЗ БАҒЫТ» ДРАМАСЫ САХНАЛАНДЫ

Абай ауданына «Дариға-ай» жастар театры гастрольдік сапармен барып, ақын Мерей Қарттың шығармасы негізінде режиссер Еркебұлан Нұғманов сахналаған «Белгісіз бағыт» драмасын көрермен назарына ұсынды.

Спектакль жас көрермендерді өмір жолында кездесетін түрлі таңдаулар мен сынақтарда дұрыс пен бұрысты, ақиқат пен жалғанды ажырата білуге үндеді.

Сонымен қатар қазіргі қоғамда белең алып отырған жаңа идеологиялар мен теріс ағымдардың зардабын шынайы оқиғалар арқылы жеткізіп, жастарды сақтыққа, саналы шешім қабылдауға шақырады.

Көрермен көңілінен шыққан мазмұны терең, ойы салмақты драма жиналған қауымға рухани азық сыйлады.

## ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Ақсуат ауданында шегірткеге қарсы күрес науқаны кең ауқымда жүргізілуде.

Қазіргі таңда Екпін, Құмкөл, Сәтбаев және Ойшілік ауылдық округтерінде зиянкестерге қарсы күрес қарқынды түрде жалғасуда. Атап айтқанда, саяқ шегірткелерге қарсы 1000 гектар, италиялық пруска қарсы 1140 гектар аумақта жер үсті химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Жалпы аудан бойынша бүгінгі күнге дейін 4440 гектар ауыл шаруашылығы жерлері химиялық өңдеуден өткізілді. Оның ішінде 2640 гектар италиялық пруска қарсы, 1800 гектар жер саяқ шегірткелерге қарсы залалсыздандырылды.

## НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл Рауан Жанарбековтің төрағалығымен орындаушылық тәртіптің сақталуы, өтініштердің уақтылы әрі сапалы қаралуы және мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы өзекті мәселелер қаралған кеңес өтті.

Жиынға бөлім, мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері қатысты. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру, заң, ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтерді мониторингілеу бөлімінің басшысы Ж.Ұлықбеков, персоналды басқару қызметі бөлімінің басшысы М.Балтабаев, аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің басшысы А.Шарипова баяндама жасады.

Кеңес соңында жауапты бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне жұмыс сапасын арттыру және бақылауды күшейту жөнінде нақты тапсырмалар жүктелді.

## ЖАҢАСЕМЕЙ

### ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

Жаңасемей ауданындағы «Щербаковское» су айдынында жазатайым оқиғалардың алдын алу, тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру және азаматтардың қауіпсіздік ережелерін сақтауға деген жауапкершілігін қалыптастыру мақсатында профилактикалық іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында уәкілетті орган өкілдері демалушылар арасында кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Аудан тұрғындары мен қонақтарына су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын сақтау, суға шомылу кезіндегі сақтық шаралары, шағын көлемді су көліктерін пайдалану және су маңындағы демалыс кезіндегі қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

Профилактикалық шара аясында азаматтарға қауіпсіздік ережелері мен төтенше жағдай туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмі көрсетілген ақпараттық жаднамалар таратылды.

## ДЗЮДОДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Жаңасемей ауданындағы Қайнар ауылында қазақтың тұңғыш кәсіпкері балуаны, әлемге айгіл күші иесі Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 155 жыл толуына орай жасөспірімдер арасында дзюдодан жарыс өтті.

Жас ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту, жас спортшылардың шеберлігін шыңдау және ұлттық спорт пен батыр бабалардың өнегелі жолын дәріптеу мақсаты көзделген сайысқа ауданның әр ауылынан келген оқушылар қатысты.

Татамиге шыққан жас дзюдочылар жеңіске деген жігерін, техникалық дайындығы мен спорттық шеберлігін көрсетіп, тартысты белдесулер өткізді.

"ST" - ақпарат

## АҚСУАТ

### ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ақсуат ауданы әкімдігінде кезекті аппарат мәжілісі өтті. Аудан әкімі Еркін Ескендіровтің төрағалығымен өткен жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Мәжіліске аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат төрағасы, ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары мен құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

#### Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei taHY»

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы А.Әбілбеков баяндама жасады. Быылғы жылдың алғашқы төрт айындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін тоқталған бөлім басшысы негізгі салалар бойынша атқарылған жұмыстар мен қол жеткізілген нәтижелерді саралап, алдағы кезеңдегі міндеттерді атады. Сондай-ақ экономикалық өсімді қамтамасыз ету, бюджеттік көрсеткіштердің дер кезінде орындалуы мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарға да тоқталды.

Келесі кезекте ауылдық округтердегі кәсіпкерлік нысандарды абаттандыру жұмыстарының барысы сөз болды. Бұл жөнінде аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы С.Ахметов баяндады.

Ақсуат ауылдық округінің әкімі Т.Рахымжанов өз округінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы қосымша ақпарат берді. Аудан басшысы кәсіпкерлік нысандардың сыртқы келбетін жақсарту, іргелес аумақтарын көгалдандыру және санитарлық талаптарға сәйкестендіру бағытындағы жұмыстарды барынша күшейтуді міндеттеді.

Жиында аймақта аусыл ауруына байланысты қалыптасқан эпизоотиялық жағдай да осы талқыланды. Аудандық аумақтық инспекцияның басшысы Қ.Ақавтың айтуынша, қауіпті аурудың таралуының алдын алу мақсатында шұғыл шаралар қолға алынған. Мал шаруашылығы аудан экономикасының негізгі тірегі болғандықтан, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыру маңызды.

Аппарат мәжілісінде сондай-ақ «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жүргізіліп жатқан аба-

тандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары да кеңінен талқыға салынды. Аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Смағұлов көріз жүйесін тарту жұмыстары туралы есеп берді.

Жиынның күн тәртібіндегі соңғы мәселе - «Асыл бесік - Ақсуат» спорт және өнер фестиваліне дайындық жұмыстарының барысы туралы аудан әкімінің орынбасары Т.Мәселов хабарлама жасады. Фестиваль ауданның мәдени және рухани өміріндегі маңызды оқиға саналатындықтан, ұйымдастыру жұмыстарының сапалы жүргізілуі, қатысушылар мен қонақтарға қолайлы жағдай жасау мәселелері басты назарға алынды.

Аппарат мәжілісін қорытындылаған аудан әкімі Еркін Кәдірбекулы күн тәртібінде қаралған әрбір мәселеге жеке-жеке тоқталып, жауапты тұлғаларға



нақты міндеттер жүктелді. Атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің жоспарлы орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды, кәсіпкерлік нысандарды абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын түпкі нәтижеге дейін жеткізуді, тұрғын үйлерге көріз жүйесін енгізу бағытындағы жұмыстарды жандандыруды тапсырды. Сонымен қатар аусыл ауруына байланысты эпизоотиялық жағдайды тұрақтандыру, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын барынша күшейтуді міндеттеді.

## МҰҒАЛІМДЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Ақсуат ауылындағы Қожагелді батыр атындағы орта мектепте аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен облыстық «Мерейлі ұстаз» жобасы аясында тәжірибе алмасу семинары өтті. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған бұл шараға аудан мектептерінің мұғалімдері мен жас мамандары қатысты.



#### Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei taHY»

Білім саласындағы жаңашылдықтарды талқылау, озық тәжірибелерді кеңінен тарату және жас педагогтерге кәсіби қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған

алқалы жиынның ашылуында аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Нұргүл Құрманғалиева сөз сөйледі. Ол бүгінгі қарқынды дамыған білім беру кеңістігінде өзара тәжірибе алмасудың, жаңа бағыттарды меңгерудің

маңыздылығына жан-жақты тоқталып, қатысушыларға семинар жұмысында сәттілік тіледі.

Ауданның педагог-шеберлері мен педагог-зерттеушілері жылдар бойы жинақтаған озық тәжірибелерін

бөлісіп, сабақ барысында қолданып жүрген ең тиімді әдіс-тәсілдерін ортаға салды. Әр пән бойынша өткізілген шеберлік сабақтары мен тәжірибелік алаңдар әсіресе жас мамандар үшін кәсіби тұрғыдан өте пайдалы болды. Қатысушылар заманауи білім беру технологияларымен, инновациялық оқыту үлгілерімен танысты.

Семинардың шымылдығы театрландырылған қойылыммен ашылды. Еңбек, терең ғылым және жасанды интеллект тақырыптары шебер ұштастырылған сахналық қойылымда мектеп оқушылары ғылым мен технологияның қоғам дамуындағы маңызын әсерлі жеткізді. Әсіресе бүгінгі таңда жаһандық трендке айналған жасанды интеллект тақырыбы кеңінен қозғалып, оның білім беру үдерісіндегі

рөлі, оқыту сапасын арттырудағы мүмкіндіктері және болашақтағы даму перспективалары жан-жақты қамтылды.

Мұндай кездесулер педагогтердің өзара ынтымақтастығын нығайтып қана қоймай, жас мамандардың кәсіби тұрғыдан тез қалыптасуына, тәжірибе жинақтауына ықпал етеді.

Тәжірибе алмасу семинары сонымен қатар алдағы уақытта аттестаттаудан өтетін және педагогикалық білімді бағалау рәсіміне дайындалып жүрген жас ұстаздар үшін де әдістемелік көмек болғанын айта кеткен жөн.

Іс-шара соңында семинар жұмысына белсенді қатысып, озық педагогикалық тәжірибелерін ұсынған бірқатар мұғалімдерге аудандық білім бөлімінің сертификаттары табысталды. Осындай басқосулар білім беру сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға және мектептер арасында тәжірибе алмасу мәдениетін қалыптастыруға үлес қосары сөзсіз.

## БЕСҚАРАҒАЙ

### БАСТЫ ТАЛАП - САПА



Жаңасемей аудан әкімінің орынбасары, бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері және тиісті салалық мекемелердің өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе - балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы аудандық білім бөлімінің басшысы М.Кәдірбеков баяндады. Бөлім басшысының айтуынша, жазғы маусымда мектеп жасақтары лагерьлердің жұмысын жандандыру, оқушыларды еңбек жасақтарына тарту, мәдени-спорттық іс-шаралар өткізу жоспарланған. Сонымен қатар балалардың қауіпсіздігі басты назарда болады. Сала мамандары суға шомылу және өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру жұмыстарын күшейтеді.

Аудан басшысы ауылдық округ

әкімдеріне демеушілер мен қайырымдылық көмектерді тарта отырып, балалар демалысын ұйымдастыруға барынша қолдау көрсетуді және лагерьлердің материалдық-техникалық базасын нығайтуды тапсырды. Бұл міндеттердің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Ағыбаевқа жүктелді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе - тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету барысы туралы аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Б.Наурызбаев ақпарат берді. Оның айтуынша, өткен жылдан бері Кривинка, Мостик, Жыланды, Башкөл, Малая Владимирова, Белокаменка, Бозтал, Глуховка ауылдары мен Морозов орман шаруашылығы аумақтарында сумен жабдықтау нысандарын салу және қайта жаңарту жұмыстары жүр-

гізілуде. Бүгінгі таңда бірқатар ауылдарда жұмыстар аяқталуға жақын. Мысалы, Кривинка ауылында су желілері толық тартылған, сорғы станциясы мен бақылау-өткізу пункті дайын. Мостик ауылында желілер тарту 100 пайыз аяқталған. Жыланды мен Малая Владимирова ауылдарында құрылыс жұмыстары 95-98 пайызға орындалған.

Бозтал ауылында құрылыс жұмыстары жалғасуда. Белокаменка ауылында ұңғыма бұрғылау жұмыстары аяқталғанымен, келесі кезең басталмаған. Ал Глуховка ауылында жұмыстар сот процесіне байланысты инвестор қаражаты есебінен жүргізілуде.

Аудан басшысы сумен жабдықтау мәселесін ерекше бақылауға алып, барлық жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Бұл бағыттағы жұмыстардың орындалуын ба-

қылау аудан әкімінің орынбасары С.Назаровқа жүктелді.

Өткен жылыту маусымының қорытындысы туралы аудандық ТҮҚШ бөлімі мамандары мәлімет берді. Мәліметке сәйкес, өткен жылы табыс барлық әлеуметтік нысандар қатты отынмен толық қамтамасыз етіліп, қыстан қысылмай шыққан. Білім беру ұйымдарында қандықтар жаңартылып, резервтік жүйелер орнатылған. Алда тұрған негізгі міндет ескі қазандықтарды кезең-кезеңімен жаңарту, энергия тиімділігін арттыру және инженерлік инфрақұрылымды жақсарту болып белгіленді.

Жиында ішкі саясат бөлімі мамандары мемлекеттік рәміздердің қолданылуы мен орналастырылуы бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысын ұсынды. Бөлім мамандарының айтуынша, ауданда бұл бағыттағы жұмыс тұрақты жолға қойылған. Дегенмен кейбір мекемелерде Тудың орнатылу биіктігіндегі сәйкессіздіктер, Елтаңбадағы жазулардың стандартқа сай келмеуі сияқты кемшіліктер анықталған. Аталған олқылықтарды тез арада жою бойынша тиісті ұсынымдар берілді.

Жиынның қорытындылаған аудан әкімі Ділдар Қалиханов қаралған барлық мәселелердің халық үшін маңызы жоғары екенін атап өтті.

- Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жобаларды сапалы әрі уақтылы жүзеге асыру - біздің басты міндетіміз, - деді аудан басшысы.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

## «БЕСҚАРАҒАЙ ЖҰЛДЫЗДАРЫ» АНЫҚТАЛДЫ

Бесқарағай ауданында 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні ерекше сән-салтанатпен, кең көлемде аталып өтті. Бесқарағай ауылының орталық алаңында ұйымдастырылған мерекелік шара балаларға ұмытылмас қуаныш сыйлады.

Мерекенің басты оқиғасы «Бесқарағай жұлдыздары - 2026» аудандық өнер байқауының гала-концерті болды. Дәстүрлі байқауға биыл ауданның барлық ауылдық округтерінен іріктеліп келген 250-ге жуық жас өнерпаз қатысты. Орталық алаңды дүбірге бөлеген шарада жас таланттар ән айтып, би билеп, сахналық қойылымдар ұсынып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Мерекелік көштің ең төбелі сәті жеңімпаздарды марапаттау рәсімі болды. Сахна төріне көтерілген Бесқарағай ауданының әкімі Ділдар Қалиханов балаларды мерекелерімен құттықтап, байқау үздіктеріне арнайы жүлделерін салтанатты түрде табыс етті.

Тартысты өткен өнер бәйгесінде Баскөл ауылдық округінің дарынды жастары оқ бойы озық шығып, қазылар алқасының әділ шешімімен Бас жүлдені қанжығаларына байлады. Жеңімпаздарға 3 миллион теңге көлеміндегі қомандалық қаржылай сыйлықтың сертификаты табысталды.

Жүлделі екінші орынды Беген ауылының өнерлі өрендері иеленіп, 2 миллион теңгеге ие болса, үздік үштікті Бөдене ауылының жас өнерпаздары түйіндеп, 1 миллион теңге көлеміндегі сыйлықпен марапатталды.

Айта кетерлігі, мұндай қорғаныс жұлды «Бесқарағай жұлдыздары» байқауының тарихында алғаш рет тағайындалып отыр. Аудан басшылығы тарапынан қолдау тапқан бұл ерекше бастама - ауыл балалары мен жастарының шығармашылық әлеуетін



ашуға, олардың өнерге деген қызығушылықтарын оятуға ықпал ететін, ауылы мәдениетінің дамуына серпін беретін өте маңызды қадам ретінде бағаланды. Балаларға шаттық сыйла-

ған мерекелік кеш жас дарынды өнерін дәріптеп қана қоймай, Бесқарағай өңірінде талантты ұрпақты өсіп келе жатқанын тағы бір мәрте айқындаса.

Ш. ДОСКЕВА



# АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

## АЯГӨЗ

### ҰЛТТЫҚ ЖОБА НӘТИЖЕ БЕРУДЕ

**Абай облысына жұмыс сапарымен келген денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратов Аягөз аудандық орталық көпбейінді ауруханасына барып, магниттік-резонанстық томография бөлімшесінің жұмысымен танысты. Сондай-ақ аудан тұрғындарымен кездесу өткізіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.**

Кездесу кезінде вице-министр еліміз бойынша 813 денсаулық сақтау нысаны пайдалануға берілгенін, оның 655-і ұлттық жоба аясында салынғанын айтты. Ал біздің облыста медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін 65 нысанның құрылысы толық аяқталған.

Тимур Мұратов ауылдық денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту жұмыстары алдағы уақытта да қарқынды жал-

ғаса беретінін қадап айтты. Бүгінде аудандық ауруханаларды көпбейінді ауданаралық медициналық орталықтарға айналдыру жоспары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл бастама шамамен 4 миллионға жуық ауыл тұрғыны үшін жоғары технологиялық медициналық көмекті қолжетімді болуына жол ашады.

Кездесу барысында халық денсаулығының негіз-



гі көрсеткіштері де таныстырылды.

- 2025 жылы күтілетін өмір сүру ұзақтығы 75,97 жасқа жетті. Бұл - тәуелсіздік жылдарындағы тарихи ең жоғары көрсеткіш. Абай облысында бұл көрсеткіш 74,87 жасты

облысында төмендеу 25,6 пайызды құрап, 1000 тірі туған нәрестеге шаққанда 5,32 жағдай болды - деді Тимур Мұратов.

Кездесу барысында тұрғындар медициналық көмектің қолжетімділігі, медициналық кадрлармен қамтамасыз ету, дәрі-дәрмекпен қамту және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту мәселелерін көтерді. Азаматтардың сауалдарына түсініктемелер беріліп, жекелеген өтініштер жауапты мекемелердің бақылауына алды.

Сондай-ақ жеке қабылдау кезінде аудан тұрғындары жергілікті жерлерде медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қатысты бірқатар әлеуметтік маңызы бар мәселелерді жеткізді.

**Өз тілшіміз**

## БОРОДУЛИХА

### АЛАЯҚТЫҢ АЙЛАСЫ КӨП

**Қазіргі технология дамыған заманда телефон және интернет алаяқтарының айла-тәсілдері күн санап күбейуде. Қаншама ескертулерге қарамастан олардың құрығына түсетін адамдар әлі де көп. Сондықтан да тұрғындардың құқықтық әрі цифрлық сауаттылығын арттыру аса маңызды. Осы мақсаттағы іс-шаралар Бородулиха ауданында жүйелі түрде өткізіліп келеді. Жақында Бородулиха аудандық полиция бөлімінің учаскелік инспекторы Қ.Мұхаметжанов Степной ауылдық округінің тұрғындарымен кездесу өткізді.**



Тәртіп сақшысы ауыл тұрғындарымен ашық әңгіме өткізіп, қазіргі таңда жиі кездесетін қылмыс түрлерінен сақтанудың тиімді жолдарын түсіндірді.

- Бейтаныс жандарға (телефонмен сөйлескенде, интернетте хат алмасқанда немесе жеке кездесуде) өзіңіз, жақындарыңыз, туыстарыңыз бен әріптестеріңіз туралы ақпаратты, әсіресе банк карталарының құпия мәліметтерін ешқашан хабарламау қажет. Көп жағдайда алаяқтардың арбауына үлкен кісілер түсіп жатады. Қарт туыстарыңызға күмәнді қоныраулар түссе, тұтқаны дереу тастап, бірден жақын-

дарына және «102» нөміріне хабарласу керектігін үнемі естеріне салып отырыңыздар. Егер телефонмен сөйлесу барысында қылмыскерлер банк картасының мәліметтерін немесе құпия кодтарын иемденіп үлгерсе, картаның сыртында көрсетілген банк нөміріне жедел хабарласып, шотты бұғаттау (блоктау) шараларын жасау керек - деді учаскелік инспектор.

Тәртіп сақшысы сондай-ақ интернетте және әлеуметтік желілерде мобилді телефон нөмірлерін аты-жөнімен, тұрғылықты мекенжайымен бірге жарияламау керектігін ескертті.

- Банк карталарына тіркелген және «Мобилді банкинг» қызметінде пайдаланылатын негізгі телефон нөмірлерін интернеттегі хабарландыру сайттарында қолданбаған жөн - деді полиция қызметкері.

Тәртіп сақшысы ескерткендей, кез келген қаржылық қауіпсіздік пен алаяқтықтан қорғану әрбір азаматтың өз қырағылығынан басталады. Қауіпсіздік ережелерін сақтау үлкен материалдық шығындардан қорғайды.

**Шайза ДОСКЕЕВА**

## КӨКПЕКТІ

### ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ - ҰРПАҚА АМАНАТ

**Көкпекті аудандық кітапханасында 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған танымдық іс-шара өтті. Іс-шарада қоғам және мемлекет қайраткері Шерияздан Бабайұлы Фахрутдиновтің жеке архиві таныстырылды.**

**Еркежан ҚАЙСА, «Semei tanu»**

Ел тарихында өзіндік орны бар тұлғаның рухани мұрасын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға ауданның зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты.

Жиында сөз алған кітапхана қызметкері бұл іс-шараның жас ұрпақ үшін тарихи маңызы зор екенін атап өтті.

- Бүгін оқырман назарына ұсынылып отырған Шерияздан Бабайұлының жеке архиві - өлке тарихын зерттеушілер үшін таптырмас рухани қазына. Шерияздан Фахрутдиновтің ұрпақтары Зифа Ахмерова мен Халел Фахрутдинов отбасылық мұра ретінде кездің қарашығындай сақтап келген бұл құнды жәдігерлердің ішінде Абайдың өлеңдері, Ысқақ Көбеков туралы естеліктер бар. Сондай-ақ татар-башқұрт этнос өкілдерінің Көкпекті өңіріне қоныстану тарихы, Шерияздан Бабайұлының өлеңдері мен

аудан шежіресіне қатысты бірегей мәліметтер жинақталған - деді кітапханашы.

Шараға қатысушылар Шерияздан Фахрутдиновтің сан қилы тағдыры мен ағартушылық жолы жайлы мағлұматтармен танысты.

- Шерияздан Фахрутдинов 1903 жылы Көкпекті ауылында дүниеге келген. Ол небәрі 11 жасында әкесінен айырылып, өмірдің талай қиыншылығын бастан өткерді. Жаз мезгілінде ауқатты адамдардың шаруасына көмектесіп, еңбек етті. Жастайынан жетімдік пен жоқшылық көріп өскен ол білімге ерекше құштар болған. 1920 жылы Зайсанда мұғалімдер курсының бітірген Шерияздан Бабайұлы Көкпектідегі алғашқы кәсіби ұстаздардың бірі болды. Кейін, 1928 жылы, Қызылжарда оқып жүргенде қазақтың біртуар зиялылары Мағжан Жұмабаев пен Әлкей Марғұланның дәрістерін тыңдап, білім көкжиегін кеңейтті, - деді кітапханашы.

Тағылымды шарада қоғам қайраткерінің қоғамдық қыз-

меті жайлы да көңінен ақпарат берілді.

- Еңбек жолының келесі кезеңі мемлекеттік және партиялық қызметпен тығыз байланысты болды. 1930 жылы жаңадан құрылған Қызылтас ауданының оқу бөлімін басқарса, сол жылдың мамыр айынан бастап Ұлан ауданының бірінші хатшысы қызметіне тағайындалды. Бір жылдан кейін Қазақстан өлкелік партия комитетінің шешімімен Оңтүстік Қазақстандағы Пахтаарал ауданына жіберіліп, жауапты қызмет атқарды. Кейін Үржар ауданында еңбек етіп, отбасы мүшелерінің денсаулығына байланысты туған жері Көкпектіге оралды.

1935 жылы жаңадан құрылған Ақсуат ауданының бірінші хатшысы болып тағайындалып, ауданның қалыптасуына елеулі үлес қосты. 1937 жылы қайтадан Ұлан ауданының бірінші хатшысы қызметіне шақырылды. Алайда елдегі саяси қуғын-сүргіннің қасіреті кезеңі оны да айналып өтпеді. 1938 жылы



«халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, НКВД абақтыларында сегіз жылы өткізді.

Тек 1946 жылы ғана туған жеріне оралып, еңбек жолын қайта жалғастырды. Алғашында Көкпектідегі Максим Горький атындағы мектепте бухгалтер болып жұмыс істеп, кейін аудандық атқару комитеті мен аудандық жұрттық комитетінде түрлі жауапты қызметтер атқарды.

1955 жылы Семей облыстық сотының шешімімен оның ісін-де қылмыс құрамы жоқ деп танылып, толық ақталды. Келесі жылы партия қатарына қайта қабылданып, партиялық еңбек өтілі 1927 жылдан бастап

қалпына келтірілді. 1963 жылы аудандарды ірілендіру кезеңінде аудандық статистика бөлімін басқарды. Осы мекемеден зейнеткерлікке шықты. Шерияздан Фахрутдинов ел тарихы мен қоғамдық өмірге қатысты құнды жазбалар қалдырды, - деді кітапхана маманы.

Кітапхана қызметкері тарихи тұлғалардың мұрасын сақтау өткенге тағзым ғана емес, болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті парыз екенін атап өтті.

Іс-шара соңында қатысушылар Шерияздан Фахрутдиновтің ел дамуына қосқан үлесі туралы ой-пікірлерін бөлісті.

## ҮРЖАР

### ҰСТАЗ ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ

**Үржар ауданына қарасты Науалы ауылында «Ұстазға тағзым: жұлдызды шәкірттер басқосы» атты ерекше рухани кеш өтті. Ауыл саябағында ұйымдастырылған бұл тағлымды шара саналы ғұмырын білім саласын арнап, биыл зейнет демалысына шыққан Науалы орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі Қанатбек Искаковтың құрметіне арналды.**



**Ай-Көркем МАҚЫШ, «Semei tanu»**

«Бұлақ көрсен, көзін аш» деген даналықты ту етіп ұстаған Қанатбек Әліпұлы - талай ауыл баласының бойындағы дарын ұшқынын байқап, бағытбағдар беріп, өнерге баулыған ұлағатты ұстаз. Ұстаз еңбегіне

құрмет көрсетілген бұл кешке Семей, Өскемен, Алматы қалаларынан және Үржар ауданының түкпір-түкпірінен Қанатбек Әліпұлының шәкірттері ат арытып келіп, өздерінің ыстық ықыласы мен сағынышын өнер тілімен жеткізді. Мерекелік шараға ауыл тұр-

ғындары, ұстаздың туған-туыстары мен әріптестері, ардагер мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі жиналды. Тағылымды шарада қазақы дәстүрмен шашу шашылып, ақжарма тілектер айтылып, әсем ән мен көркем би кеш көрігін қыздырды.

Науалы ауылында музыка мектебі немесе үйірмелері болмаса да, мұндағы балалардың өнерге деген құштарлығы ерекше еді. Қанатбек мұғалімнің жетекшілігімен құрылған мектеп ансамбльдері, фольклорлық топтар, дует пен квартеттер кезінде аудандық, облыстық сахналарда табиғи дауыспен ән шырап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленетін. Осылайша, шағын ауылдың өзінде үлкен шығармашылық орта қалыптасып, сол ортадан түлеп ұшқан талай шәкірт бүгінде ел мәде-

ниетінің дамуына үлес қосып жүр.

Кеш барысында ұстаздың алғашқы шәкірттері сөз алып, балалық шақ пен жастықтың қызықты сәттерін тебірене еске алды. Бүгінде жасы елуді еңсерген шәкірттердің өткен күннен сыр шерткен естеліктері өте әсерлі болды.

- Ол кезде қазіргідей заманауи мүмкіндіктер жоқ еді. Соған қарамастан, ат-арбамен ауыл-ауылды аралап, концерт қоятынбыз. Бізді біріктірген де, алға жетелеген де тек өнерге деген шынайы махаббат еді, - деп сөзін бастаған Науалы орта мектебінің мұғалімі Құралай Смайылова жылы естеліктерін бөлісті.

Кеш іесі Қанатбек Әліпұлы өз кезінде шәкірттерінің биік белестерді бағындыруы ұстаз үшін ең үлкен бақыт екенін

айтып, жүрекжарды алғысын жеткізді.

Қанатбек Әліпұлының он екі шәкірті сахнада өнер көрсетіп, кешті нағыз рухани мерекеге айналдырды. Концерт бойы ауыл тұрғындары ерекше ықыласпен қол соғып, қошемет көрсетіп отырды. Көпшілік мұндай «жұлдызды шәкірттер кеші» жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп тұрса деген ұсыныстарын да айтты.

Көрерменнің жүрегіне елжіреткен бір ерекше сәт Әміре Қашаубаев атындағы Семей мемлекеттік филармониясының өртісі, белгілі ұстаз Айдын Дүйсекеновтің тұтазымен бірге сахнаға шығуы еді. Ұстаз бен шәкірт гитараның сүйемелдеуімен Ұлықпаң Жұлдасовтың «Сағынышым менің» әнін жанды дауыста шырағанда, тебіренбеген жан қалады.

Ұстаз бен шәкірт арасындағы үзілмес рухани байланысты айшықтаған бұл кеш ауыл жұртшылығының жадында ұзақ сақталары сөзсіз. Науалыдағы мерекелік шара ұрпақтар сабақтастығының, ұстаз еңбегіне деген шексіз алғыстың жарқын көрінісі болды.



## БЕСҚАРАҒАЙ

### «МӨЛДІР БҰЛАҚ» АҚЦИЯСЫ

Бесқарағай ауданында «Мөлдір бұлақ» акциясы өтті. Игі шараға аудан әкімінің орынбасарлары, Глуховка, Долон, Бесқарағай және Канонерка ауылдық округтерінің тұрғындары, сондай-ақ ауыл ақсақалдары мен ерікті жастар қатысты.

Сенбілік барысында бұлақтардың маңы тұрмыстық қалдықтар мен құл-қоқыстан тазартылып, арамшөптері орылды. Бұлақтың көзі ашылып, айналасындағы қоршаулар ретке келтірілді.

Экологиялық шара барысында ондаған қап қоқыс жиналып, арнайы техникамен белгіленген орындарға шығарылды.

Аудан белсенділері жұртшылықты орман алқаптары мен өзен-көл жағалауларын, бұлақтар мен арықтарды таза ұстауға шақырады.

### АЛТЫННАН АЛҚА ТАҚТЫ

Талдықорған қаласында өткен Қазақстан Республикасының құрметті спорт қызметкері, еліміздің еңбек сіңірген жаттықтырушысы В.А.Легайды еске алуға арналған 2012-2013 жылы туған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирде 49 келі салмақ дәрежесінде сығға түскен бесқарағайлық Аскар Маратов барлық қарсыластарын айқын басымдықпен ұтып, алтыннан алқа тақты.

Аталған жарыста 58 келі салмақта бақ сынаған Санжар Серікқан да жеңімпаз атанды.

Осы турнирдегі жеңістері мен жоғары техникалық шеберліктері үшін бесқарағайлық қос саңлақ «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер» спорттық атағына ие болды.

## БОРОДУЛИХА

### БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары Қайрат Сапаровтың төрағалығымен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша жұмыс кеңесі өтті.

Жиынға Абай облысы бойынша Жер ресурстарын басқару департаментінің басшысы А.Тоқсанбаев, «Гипрозем» РМК өңірлік филиалының директоры Б.Аргумбаев және салалық бөлімдердің мамандары қатысты.

Кеңес барысында топырақ құнарлылығын сақтау, егістік пен жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану, сондай-ақ учаскелерге заманауи геоботаникалық және агрохимиялық зерттеулер жүргізу мәселелері сөз болды.

Кеңес қорытындысы бойынша жауапты мамандарға ауыл шаруашылығы алқаптарын сақтау, тозаң жерлерді қайта қалпына келтіру және жердің мақсатын пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды күшейту жөнінде тапсырмалар жүктелді.

## КӨКПЕКТІ

### ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК - ЖЕР КӨРКІ

Көкпекті ауданында «Жасыл желек - ауыл көркі» атты экологиялық акция өтті.

Экологиялық акция барысында ауданға қарасты ауылдық округтерде ағаш көшеттері отырғызылып, аумақтар қоқыстан тазартылды.

Туған өлкені көркейтуде бағытталған бұл бастамаға мекеме қызметкерлері, ауыл белсенділері, ақсақалдар және табиғатты қорғауға ниетті ерікті жастар бір кісідей атсалысты.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында өткен бұл ағаш егу шарасында тұрғындар қоршаған ортаны қорғауға, туған жердің табиғатын сақтауға өз үлесін қосты.

## МАҚАНШЫ

### 100-ГЕ ЖУЫҚ ШЫРША ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде кең қанат жайған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Мақаншы ауданының орталығында ауқымды сенбілік өтті.

Аудан әкімі Дәурен Қойгелдиннің бастамасымен ұйымдастырылған сенбілікке жергілікті тұрғындар, белсенді жастар атсалысты. Акция барысында аудан орталығындағы басты көшелер мен қоғамдық орындарда 100-ге жуық шырша көшеті отырғызылды.

### ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ

Мақаншы ауданына қарасты Қарабұлақ ауылында ауылдық құрметті азаматы, волейбол жанынашы Аманғали Дәлдірбаевты еске алуға арналған халықаралық ашық волейбол турнирі өтті. Турнирге Ресей, Кыргызстан, Беларусь, Латвия, Өзбекстан елдерінен және республикамыздың әр өңірінен келген командалар қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатына Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Қойгелдин қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Тартысты өткен турнирдің қорытындысы бойынша, Қарабұлақ ауылының командалық жеңіске жетті. II орынды Қабанбай ауылының, III орынды Қайнар ауылының командалары иеленді.

**"ST" - ақпарат**



**Қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік жетімдіктің алдын алу. Қиын жағдайға тап болған аналарға қолдау көрсетіп, балалардың отбасында өсуіне мүмкіндік жасау бағытында «Ана үйі» қоғамдық қоры ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Бүгінде қор мыңдаған отбасының тағдырын өзгертіп, талай сәбидің балалар үйіне түсуіне жол бермеді. Осы орайда біз «Ана үйі» («Дом мамы») қоғамдық қорының Абай облысы бойынша өңірлік өкілі Нуртазина Айнагүл Ғалымбекқызымен сұхбаттасып, қор жұмысының негізгі бағыттары, жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы әңгімелескен едік.**

## «ӘР БАЛА ЖАНҰЯДА ӨСУІ КЕРЕК»

**«Ана үйі» қорының құрылуына не себеп болды?**

Қордың құрылуына Қазақстандағы әлеуметтік жетімдіктің көбеюі басты себеп болды. Көп жағдайда аналар материалдық қиындық, қолдаудың жоқтығы, тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе қоғам қысымының салдарынан өз баласынан бас тартуға мәжбүр болды. Біз осы мәселенің алдын алып, ана мен баланы ажыратпау үшін жұмыс бастадық. Қордың негізгі миссиясы - әр баланың отбасында өсу құқығын сақтау және балалар үйіне түсетін сәбилер санын азайту.

**Қор қызметі барысында қандай нақты нәтижелерге қол жеткізілді?**

Қор жұмысының аққасында соңғы 13 жыл ішінде мыңдаған ананың тағдыры өзгерді. Ең үлкен жетістігіміздің бірі - 7 897 әйелдің баласынан бас тартуының алдын алдық. Яғни мыңдаған бала балалар үйіне түспей, өз анасымен бірге қалды. Сонымен қатар бала асырап алу мәдениетін дамыту, қабылдаушы ата-аналарды дайындау және балаларды туған отбасына қайтару бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеміз.

**Бүгінде «Ана үйлері» қандай көмек көрсетеді?**

Қазір Қазақстанның көптеген өңірінде «Ана үйі» жұмыс істейді. Мұнда дағдарыс жағдайына тап болған аналарға уақытша баспана беріледі. Сонымен бірге психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетіледі. Әр үйде әлеуметтік қызметкерлер, психологтер мен үйлестірушілер жұмыс істейді.

**Көбіне қандай аналар жүгінеді?**

Бізге көбінесе жас аналар, жалғыз басты әйелдер, тұрмыстық зорлық-зомбылық көргендер, тұрғын үйсіз немесе туыстарының қолдаусыз қалған әйелдер келеді. Тіпті көмелет жасына толмаған аналар да жүгінетін жағдайлар кездеседі.

**Қор аналарға нақты қандай қолдау көрсетеді?**

Біз тек баспана ұсынып қана қоймаймыз. Ең алдымен әйелдің өзіне деген сенімін қайтаруға тырысамыз. Психологиялық көмек көрсетіледі, зангерлік кеңес беріледі, жұмыс табуға жәрдем жасалады. Кейде адамға өмірін қайта бастау үшін жай ғана қолдау мен сенім қажет болады. Біздің мақсат - ананың өзін жалғыз сезінбеуіне көмектесу.

**Әлеуметтік жетімдіктің негізгі себептері қандай?**

Әлеуметтік жетімдіктің негізгі себептері - жоқ-



шылық, жұмыссыздық, тұрғын үй мәселесі, психологиялық дайындықтың төмендігі және отбасылық дағдарыстар. Кей жағдайларда тәуелділік пен зорлық-зомбылық та үлкен әсер етеді. Сондықтан бұл мәселені тек материалдық көмек арқылы шешу мүмкін емес, оған кешенді қолдау мен жан-жақты әлеуметтік көмек қажет.

**Қор бала асырап алу бағыты бойынша**

**қандай жұмыстар атқарады?**

Біз қабылдаушы ата-аналарды арнайы дайындаймыз. Үміткер ата-аналар психологиялық және құқықтық дайындықты өтеді. Олар баланың жан-жақтымен жұмыс істеу, бейімделу кезеңі, ата-аналық жауапкершілік туралы білім алады. Басты мақсат - баланың қауіпсіз әрі сүйіспеншілікке толы отбасында өсуіне жағдай жасау.

**Балаларды туған отбасына қайтару жұмыстары қалай жүргізіледі?**

Мамандар алдымен отбасының жағдайын жан-жақты зерттейді. Егер ата-ананың балаға қамқор болуға мүмкіндігі болса, әлеуметтік сүйемелдеу жұмыстары жүргізіледі. Құжат мәселесі шешіледі, психологиялық көмек көрсетіледі, жұмысқа орналасуға жәрдем беріледі. Біздің ерекшелігіміз — әр отбасымен жеке жұмыс жүргіземіз. Мақсат тек баланы қайтару емес, отбасының сақталуына жағдай жасау.

**Қоғамның бала асырап алуға көзқарасы өзгеріп келе ме?**

Иә, соңғы жылдары қоғамда оң өзгеріс байқалады. Адамдар бала асырап алуды жасырмайтын болды, қабылдаушы отбасылар саны артып келеді. Бірақ әлі де ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қажет. Көп адам мұндай балаларға күтім жасау өте қиын деп ойлайды. Сондықтан қоғамдағы қорқыныш пен стереотиптерді жою маңызды.

**Видеоанкеталар жұмысының тиімділігі қандай?**

Бұл жоқ балалар туралы ақпаратты қоғамға кеңінен жеткізу үшін іске қосылды. Видеоанкеталар өте жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Себебі адамдар баланы тек сурет арқылы емес, оның мінезі мен эмоциясы арқылы таниды. Бұл эмоционалды байланысты күшейтеді әрі қабылдаушы ата-ана болуға ынталандырады.

**Қордың халықаралық деңгейдегі жұмыстары туралы не айтасыз?**

МНІГ жұмысының мақсаты - Қазақстандағы тиімді тәжірибені халықаралық деңгейде тарату. Қазір біздің модельге бірнеше ел қызығушылық танытып отыр. Өйткені Қазақстан тәжірибесі нақты нәтиже көрсетуде: балалар үйіне түсетін сәбилер саны азайып, отбасын сақтау көрсеткіші артты.

**Алдағы мақсаттарыңыз қандай?**

Біздің басты мақсатымыз өзгермейді — әр баланың отбасында өмір сүруіне жағдай жасау. Ол үшін әлеуметтік жетімдіктің алдын алу жұмыстарын күшейтіп, халықаралық тәжірибе алмасуды дамытуға басымдық береміз.

**Қарапайым азаматтар бұл іске қалай үлес қоса алады?**

Әр адам қолынан келгенге көмек көрсете алады. Бірі ерікті болады, бірі ақпарат таратады, енді бірі материалдық қолдау көрсетеді. Кей адамдар қабылдаушы ата-ана атанып жатады. Кейде қарапайым адамгершілік қолдаудың өзі үлкен рөл атқарады. Әр баланың бақытты отбасына өсуге құқығы бар.

«Ана үйі» қорының қызметі — әлеуметтік көмек көрсетумен қатар, тағдырлы жандарға үміт сыйлау. Ана мен баланы ажыратпай, әр сәбидің отбасында өсуіне жағдай жасау — қоғам үшін аса маңызды міндет. Сұхбат барысында аңғарғанымыздай, бұл бағыттағы жұмыстар нақты нәтижесін беріп келеді. Ең бастысы, қоғамда мейірім мен жауапкершілік күшейіп, қабылдаушы отбасылар қатары артауда. Әр баланың бақытты балалық шаққа құқығы бар.

Сұхбаттасқан  
Риза АСАНҚЫЗЫ,  
«Semei таңу»

**Ай-Көркем МАҚЫШ,  
«Semei таңу»**

**АЖЫРАСУ: СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?**

Бүгінгі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі — ажырасу. Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан ажырасу деңгейі бойынша әлем елдерінің алдығы қатарында тұр. Бұл отбасы институтының әлсіреп бара жатқанын аңғартса керек.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, былтыр елімізде 115,9 мың неке, 45,7 мың ажырасу жағдайы тіркелген. Яғни әрбір үшінші отбасының шаңырағы шайқалады деген сөз. Ал біздің облыста былтыр 2 221 неке тіркеліп, 375 отбасы ажырасып кеткен. Биыл жыл басынан бері 652 неке қиылып, 124 отбасы ажырасқан. Балнұр бұл статистиканың қалыптасуына үлес қосамын деп ешқашан ойламаған.

34 жастағы келіншек — Көкшетау өңірінің қызы. Біздің өңірге келіп болып келгеніне де бес жылға жуықтапты. Құрылыс саласында еңбек ететін жары «махаббатын» қызғанышпен, қорлаумен көрсетуді әдетке айналдырған. Ол Балнұрға өмірлік серік ретінде емес, өз иелігіндегі мүлік секілді қарайтын. Жеке тұрға екенін ескеруден гөрі, «қожайын» ретінде үстемдігін жүргізісі келетін. Кей кездері ашуға булыққан күйеуі әйелін үйге қамап кетуді де қалыпты нәрсе санапты.

Жанжал кезінде ебін тауып қашып шықса, «қожайынның» ашуы басылғанша бірер күн туған-түсіп пен көрші-қоланды жағалап, пана іздеу Балнұр үшін үйреншікті жағдайға айналған. Бізасы көрнеген отағасы оның қайда жасырынғанын біліп қойса, жағдай тіпті қиындай түсетін. Ал отағасының ашуы тарқағанда үйге өзі оралса, көретін соққысы жеңілдеу болатын. Бұл — кино сюжеті емес, Балнұрдың отбасылық өмірінің бір үзігі ғана.

Халқымызда «шыққан қыз шиден тысқары» деген сөз бар. Балнұр осы тәмсілді санасына сіңіріп өскен. Сондықтан қанша қорлық көрсе де, «елге қай бетімен барамын?» деген ой оны көр тартатын. Оның үстіне Көкшетауға қайтқан күннің өзінде демеп, сүйіп жіберетін әкесі де жоқ еді. Жалғыз анасының жағдайы да маз емес. Негізгі мектептен кейін оқуын жалғастырмағаны, ешқандай мамандық меңгермегені де оның жігерін жасытып тастаған. Қолында кішкентай баласы бар, күйеуінің тапқан табысына қарап отырған әйел үшін жаңа өмір бастау мүмкін еместей көрінді. Сондықтан көріп жүрген қорлығына үнсіз көңүден басқа жоқ жолтай сезілді.

Алайда уақыт өте келе Балнұрдың ойы өзгері бастады. Бұрынғыдай, «жұрттан ұят болады» деген ойдан гөрі, «қосы қорлықтың соңы қайда апарарды?» деген үрей күшейді. Өсіресе «бата тимесе де, қате тиіп кетсе, баламды кім асырайды?» деген қорқыншы жаңын жегідей жеді. Көңілінде күйеуінің өзгеретініне деген сенімнен гөрі күдік басым болды.

Осындай күндердің бірінде Балнұр әлеуметтік желі арқылы Семей қаласындағы Отбасы және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету орталығы туралы білді. Алғашында хабарласуға жүрексінгенімен, кезекті жанжалдан кейін кейіпкеріміз ажырасуға бел буып, орталық мамандарының көмегіне жүгінді.

Қорғанысыз пана болған орталық

Бұл орталық 2023 жылдың тамыз айынан бері зорлық-зомбылық көрген әйелдерге көмек көрсетіп келеді. Бүгінгі күнге дейін 688 адам орталықты паналаған. Пана болып қана қоймай, зәбір көрген жандардың өмірін түбегейлі өзгертуге жол ашқан.

Орталықтың негізгі мақсаты — тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық құндылықтарды сақтау және зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік, құқықтық, психологиялық тұрғыда жан-жақты көмек көрсету. Бүгінде орталықта сегіз негізгі бағыт бойынша жұмыстар жүргізілуде, — дейді орталық директоры Назым Шақаева.

Мұнда келген жандар қауіпсіз баспанамен, төрт мезгіл ыстық тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз етіледі. Медициналық көмек көрсетіліп, психологтер жан жарасын жазуға көмектеседі. Заңгерлер құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі. Балаларға мектепке баруға жағдай жасалып, қамқорлық көрсетіледі. Аналарға білім алуға, еңбек етуге де мүмкіндік қарастырылған. Бір мезгілде 25 адамды қабылдай алатын орталықта 8 бөлме бар. Әр отбасыға жеке бөлме берілген.

Орталыққа күйзеліспен келген Балнұр мұнда алғаш рет өзін қауіпсіз сезінді. Тек уақытша баспана емес, психологиялық әрі құқықтық қолдау тапты. Ең бастысы, өзінің жалғыз екені екенін сезінді.

Балнұр біздің орталыққа психологиялық тұрғыда өте қиын жағдайда келді. Ең алдымен оған психологиялық көмек көрсеттік. Өзіне деген сенімін қалыптастыруға тырыстық. Қазір баласы балабақшаға орналасты, өзі қосымша жұмыс оқып жүр. Біз тек көмек көрсетіп қана қоймай, отбасыларды татуластыруға да күш саламыз, — дейді орталық психологі.

Орталықта біраз уақыт тұрғанын кейін Балнұрдың жары да өзгергендей көрінген. Әйел мен баланың қадірін түсінгенін айтып, кешірім сұрап келген. Үміті сөне қоймаған Балнұр отбасын сақтап қалу мақсатында тағы бір мүмкіндік беріп, үйіне қайта оралған. Алайда үміті ақталмады, отбасылық өмірі ұзаққа созылмады. Арада бір ай өт-

## ТЫНЫШТЫҚ ІЗДЕГЕН ТАҒДЫР...

**Ақ көйлек киіп, жаңа өмірге қадам басқан күні Балнұр (есімі өзгертілген) шексіз бақытты еді. Болашақ сенді. «Отбасы» деген қасиетті ұғымды бәрінен биік қойды. Ана атанып, сәби күлкісіне толы шаңырақта өмір сүру оның ең үлкен арманы болатын. Алайда асыл арманы орындалмады, уақыт өте келе оның орнын қорқыныш пен үрей басты.**

**Алғашында бәрі жақсы басталғандай көрінді. Отбасылық өмірдің екінші жылында сәби сүйді. Алайда уақыт өте келе ерлі-зайыптылар арасында түсініспеушілік туындап, ұрыс-керіс жиіледі, оның арты ауыр сезге, психологиялық қысымға, тіпті зорлық-зомбылыққа ұласа бастады. Кей күндері Балнұр таңды қорқынышпен атыратын болған. Бірақ «жұрт не дейді?» деген ой, «қоғам ажырасқан әйел деп саусақпен нұсқай ма?» деген ішкі үрей, «балам толық отбасында өссінші» деген тілек оның көрген қорлығына үнсіз көңуіне себеп болды, бақытты әйелдің бейнесін әрі қарай жалғастыруға мәжбүрледі.**



көнде отағасы бұрынғы әдетіне қайта басты. Қызғаныш, қорлау, қысым, жанжал...

Балнұр орталыққа оралды. Бұл жолы тек өзі үшін емес, баласының болашағы үшін күресіп жатқанын түсінді. Ана үшін ең үлкен бақыт баласының қауіпсіз әрі тыныш ортада өсуі екенін түсінді.

Балнұр орталыққа қайта орталықта уақытша қорған іздеп келген жоқ. Ол өз өмірін түбегейлі өзгертуге, баласының болашағы үшін күресуге бел буы.

**ӘР АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ**

Орталықта психологтер Балнұрдың өзіне деген сенімін қайтаруға көмектесе, заңгерлер құқықтық мәселелерін шешуге кірісті.

Біздің заңгерлердің көмегімен Балнұр ажырасуға өтініш берді. Екінші тарап қарсылық білдірді. Үш сот отырысынан кейін неке заңды түрде бұзылды. Алiment өндіруге құжат тапсырылды. Алайда баланы әкесі табысын жасырып, алиментті ең төменгі жаалақы мөлшерімен ғана төлеп отыр. Балнұрдың мұндай батыл қадамға баратынын күтпеген азамат қорғаушы жалдап, баланы тартып алуға әрекеттенді. Балнұрды сыртынан аңдып, орталық маңын торуылдап, телефон арқылы толассыз хабарламалар жіберген жағдайлар болды. Осыған байланысты Қылмыстық кодекстің 115-бабы, яғни stalking бойынша жауапкершілікке тартылды, — дейді орталық психологі.

Мамандардың айтуынша, орталықтың негізгі мақсаты — біреуді жазалау емес. Керісінше, қоғамға заң үстемдігін түсіндіру. Яғни ешкімнің басқа адамның өміріне, еркіндігі мен қауіпсіздігіне қол сұғуға құқығы жоқ екенін ұғындыру.

Әр адам еркін әрі қауіпсіз өмір сүруге құқылы. Біз ең алдымен соны түсіндіруге тырысамыз, — дейді мамандар.

Қазір Балнұр қосымша білім алып, мамандық меңгеріп жатыр. Тұрақты жұмысқа орналасқан соң жаңа өмір бастамақ.

Орталық мамандарының айтуынша, Балнұрдың тағдыры — жалғыз мысал емес. Көмек сұрап келетін нәзік жандылардың арасында тағдыры әр түрлі болғанымен, жан жарасы ұқсас әйелдер көп.

Орталық көмегіне жүгінетін нәзік жандылардың басым көпшілігі

білімі мен тұрақты жұмысы жоқ әйелдер. Тіпті тұрмыс құрмаған қыздар да келеді. Әрқайсысының өмір жолы бөлек болғанымен, ортақ ұқсастық бар. Ол — қарым-қатынастағы шекараны бекіте алмау, өзіне деген сенімсіздік және болашаққа деген үміттің аздығы. Сондықтан қыздарға ең алдымен білім алыңыздар дегім келеді. Әйел адам қандай жағдайда да өз күнін өзі көре алатындай болуы керек, — дейді орталық психологі.

Маманның сөзінше, кей әйелдер ата-анасының сөзі мен қоғамның айыптауынан қорқып, көрген қорлығына үнсіз төзе береді.

Әр ата-ана қандай жағдай болмасын, өз баласын қабылдай білуі керек. Екіншіше қарай, ата-анасынан қорыққандықтан отбасындағы зорлыққа шыдап жүрген нәзік жандылар да бар. Толық отбасы болу керек деген түсініктегі әйелдер де кездеседі. Шын мәнінде, бала үшін ең маңыздысы — тыныш әрі бақытты орта. Бақытты ата-ананы көріп өскен бала ғана өзін қауіпсіз сезінеді. Сондықтан «балам үшін шыдап жүрмін» деп қорлыққа көну — үлкен қателік, — дейді психолог.

**ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ**

Соңғы жылдары елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрестің заңнамалық шаралары күшейтілуде. Атап айтқанда, денсаулыққа жөніл зиян келтіру және ұрып-соғу әрекеттері әкімшілік құқық бұзушылық санатынан қылмыстық теріс қылықтар қатарына ауыстырылды.

ҚР Қылмыстық кодексінің 108-бабы - «Денсаулыққа жеңіл зиян келтіру» және 109-бабы - «Ұрып-соғу» бойынша жауапкершілік күшейтілді. Сонымен қатар Қылмыстық кодекске жаңа баптар енгізілді. «Stalking» деп аталатын 115-1-бап адамның еркіне қарсы заңсыз қудалау әрекеттері үшін жауапкершілікті күшейтеді. Бұл бап бойынша айыппұл салу, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 50 тәулікке дейін қамалу алу жазасы қарастырылған. Ал 125-1-бап «Некеге мәжбүрлеу» әрекеттері үшін айыппұл, бостандығын шектеу немесе екі жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын белгілейді. Ағымдағы жылы аталған баптар бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық пен күш қолдану деректеріне байланысты 34 тұлғаға қатысты сотқа дейінгі тергеу-тексеру басталды. Кейбір істер бойынша сот үкім шығарып, құқық бұзушыларға қоғамдық жұмыстар түріндегі жаза тағайындалды. Сонымен қатар ҚР ҚЖЖ-нің 128-бабы тәртібімен 6 тұлға ұсталды, — дейді Абай облысы Полиция департаменті ҚҚБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі М.Нүрекенов.

**ТҰРМЫСТЫҚ ЗОМБЫЛЫҚ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР**

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, биылғы жылдың сауір айының қорытындысы бойынша, тұрмыстық салада 23 қылмыс тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9,5 пайызға жоғары. Осындай фактілердің алдын алу мақсатында полиция қызметкерлері тұрақты түрде профилактикалық іс-шаралар жүргізуде.

Жыл басынан бері тұрмыстық салада 1345 өкімшілік құқық бұзушылықтың жолы кесілді. Оның ішінде ең көп тіркелгені — отбасылық жанжалдар. Бұл құқық бұзушылықтар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабы бойынша қаралған. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау да басты назарда. Осы мақсатта 1149 қорғау нұсқамасы шығарылып, олардың талаптарын бұзған 122 адам жауапкершілікке тартылды. Алайда тіркелген материалдардың ішінде қайталанатын құқық бұзушылықтардың болуы жекелеген азаматтардың агрессивті мінез-құлқы әлі де сақталып отырғанын көрсетеді. Сондықтан профилактикалық бақылауды күшейту қажеттігі туындайды, — дейді М.Нүрекенов.

Полициялардың айтуынша, агрессорларға психологиялық көмек көрсету шаралары да қолға алынған. ҚР ӘҚБтК-нің 54-бабына сәйкес, құқық бұзушылармен медициналық ұйымдардың психологтері жұмыс жүргізеді. Мұндай шаралар олардың қоғамға қайта бейімделуіне ықпал етеді.



# ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

## ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

**Қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздік – кез келген мемлекеттің басты құндылықтарының бірі. Заң үстемдігі орныққан жерде ғана әділдік салтанат құрып, азаматтардың мемлекетке деген сенімі артады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы елімізде құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, қоғамдық жауапкершілікті арттыруға және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған маңызды бастамаға айналды.**

**Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,**  
**«Semei tauy»**

Өңірімізде бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Құқық қорғау органдары, жергілікті атқарушы билік, прокуратура және салалық мекемелер бірлесіп, тұрғындармен тікелей байланыс орнату, құқықтық сауаттылықты арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қоғамдық тәртіпті нығайту мақсатында ауқымды шараларды қолға алған. Өсіресе ауылдық жерлерде ұйымдастырылған «Заң керуені» акциялары халық пен билік арасындағы ашық диалогтің тиімді алаңына айналып отыр.

2026 жылдың басынан бері өңірде құқық қорғау органдары, экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен әкімдік бірлесіп, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы апталықтар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау шаралары, профилактикалық кездесулер мен әлеуметтік жобалар тұрғындардың құқықтық санасын қалыптастыруға бағытталған.

«Заң керуені» акциясы осы бағытта атқарылған жұмыстардың қатарында. Бесқарағай ауданында өткен «Заң керуені» көшпелі акциясы аясында құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен мемлекеттік мекеме өкілдері бірнеше ауылдық округті аралап, тұрғындармен ашық форматта жүздесті.

Керуен Глуховка, Канонерка, Бесқарағай және Малая Владимировка ауылдарында болып, халықтың кеңейіндегі мәселелерді тыңдады. Кездесулерге аудан әкімінің орынбасары Нуржан Ағыбаев қатысып, ауыл тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Олжас Соғымбайдың айтуынша, өңірде құқықтық түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізетін арнайы штаб құрылған.

Мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдары тұрғындармен тікелей кездесіп, оларды алаңдатқан мәселелерді ашық диалог арқылы талқылайды. Бұл – құқық бұзушылықтың алдын алудың және халықпен сенімді байланыс орнатудың тиімді жолы, – деді ол.

Кездесулер барысында тұрғындар ауылдарды абаттандыру, жолдардың жай-күйі, әлеуметтік нысандардың сапасы, жол белгілерін орнату, санитарлық тазалық мәселелерін көтерді. Өсіресе орман алқаптары мен тас жолдар бойындағы заңсыз қоқыс орындарына қатысты алаңдаушылық жиі айтылды.

«Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының өкілдері табиғи аумақтарда қоқыс көлемі ар-

тып отырғанын айтып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігін жеткізді.

Бұл орайда күш құрылымдары қоғамдық қауіпсіздікті басты назарда ұстап отыр. Облыстық полиция департаменті мамандарының айтуынша, аудан аумағында қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Дегенмен құқық бұзушылықтың алдын алу, өсіресе ауылдық жерлердегі профилактикалық жұмыстарды күшейту маңызды болып отыр.

Абай облысы полиция департаменті профилактикалық жұмысты үйлестіру басқармасы бастығының орынбасары Ернұр Құтанбаев мобильді топтардың жыл бойы өңір ауылдарын аралайтынын айтады.

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында құрылған мобильді топтар аудандарды тұрақты түрде аралап, тұрғындармен кездеседі. Бұл жұмыстар жыл бойы жалғасады, – деді ол.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары жол қозғалысы қауіпсіздігі, елді мекендердегі көлік жылдамдығын төмендету, қаңғыбас жануарлар мәселесі, мал ұрлығы мен ұсақ құдық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде ұсыныстарын айтты.

Сондай-ақ облыста көлік жүргізу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Үлгілі жүргізуші», оқушылар мен жастар арасында адалдық, жауапкершілік сияқты адамгершілік құндылықтарды насихаттайтын «Адалдық дүкені» жобалары жүзеге асырылып жатыр. Облыста кибералаушылықпен күрес те күшейтілуде. Кездесулерде ерекше назар аударылған мәселелердің бірі – интернет-алапытқы. Полиция өкілдерінің айтуынша, киберқылмыс түрлері жыл сайын күрделеніп, алаңдатқандық психологиялық қысым көрсету тәсілдері жетіліп келеді.

Абай облысы полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары Мираат Қабатаев қазіргі уақытта азаматтарға құқық қорғау органдарының қызметкері ретінде хабарласу жағдайлары жиілегенін айтты.

Алаяқтар адамдарды «қаражатыңыз қауіпте» деп сендіріп, ақшаны басқа шотқа аударуға итермелейді. Олар адамға ойлануға уақыт бермей, психологиялық қысым көрсетеді. Мұндай қоныраулардың көбі шетелден жасалады, – деді ол.

Мамандар күменді қаржылық операциялар орын алған жағдайда азаматтарды дереу полицияға жүгінуге шақырды. Себебі жәбірленуші уақыт оздырмай хабарласқан жағдайда қаражатты қайтару мүмкіндігі артады.

Кәсіпкерлердің құқығын қорғауға да ерекше көңіл бөлінуде. Заңсыз тексерулердің алдын алу, бизнеске әкімшілік қысымды азайту және кәсіпкерлік субъектілеріне құқықтық қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізіліп келеді.

Экономикалық тергеп-тексеру департаменті көлеңкелі экономикамен күресті күшейтіп, қаржылық тәртіпті сақтау, заңсыз ақша айналымының алдын алу және азаматтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша профилактикалық шараларды жүзеге асырды.

Қоғамды ізгілендіру мақсатында да игі істер атқарылуда. Жаза басып, қылмысын өтеп жатқандарға түзелуге мүмкіндік беру де маңызды.

«Заң мен тәртіп» идеологиясы тек құқық бұзушылықтың алдын алумен ғана шектелмейді. Ол қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды нығайтуға, отбасылық тәрбиені дәріптеуге және азаматтардың рухани жауапкершілігін арттыруға да бағытталған. Осы мақсатта Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты қауіпсіздігі орташа мекемеде сотталғандарға арналған тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Шара барысында сотталғандарға «Ана туралы аңыз» көркем фильмі көрсетілді.

Фильмнен кейін мекеме психологтері топтық өңгіме өткізіп, сотталғандар өздерінің ішкі сезімдерін, отбасы жайлы естеліктерін бөлісіп, болашаққа қатысты ойларын жеткізді. Өсіресе ана мейірімін мен отбасы қолдауының адам өміріндегі орны кеңінен талқыланды.

Сотталғандардың бірі анасының бес баланы жалғыз тәрбиелеп өсіргенін еске алып, жасаған қателіктері үшін өкінетінін айтты.

Бүгін анамды бейнебайланыс арқылы көргенде, эмоциямды ұстай алмадым. Менен теріс айналмаған жалғыз адам – анам, – деді ол.

Мекеменің аға инспектор-психологі Құралай Иксанованың айтуынша, мұндай шаралар сотталғандардың эмоциональ жағдайын қалпына келтіріп, өмірге деген көзқарасын өзгертуге ықпал етеді.

Кинотекары мен психологиялық өңгімелер адамның өз қателіктерін түсініп, болашағына жауапкершілікпен қарауына көмектеседі. Түзелудің жолы – отбасымен байланысты үзебеу, – деді маман.

Заң үстемдігі тұрақты қоғам келіп екендігі айтылып жүр. «Заң мен тәртіп» қағидаты құқық қорғау органдарының жұмысына ғана емес, ол – бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Заңға құрмет, адалдық, тазалық, қоғамдық тәртіп пен азаматтық мәдениет күнделікті өмір салтына айналғанда ғана қауіпсіз өріс дамыған қоғам қалыптасады. Облыс көлемінде жүзеге асырылып жатқан кешенді шаралар тұрғындардың құқықтық сауатын арттырып қана қоймай, мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етуде. Ауылдардағы ашық кездесулер, киберқылмыстың алдын алу шаралары, кәсіпкерлерді қолдау, тәрбиелік және әлеуметтік жобалар – барлығы да құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған.

Заң үстемдігі орныққан елде тұрақтылық пен даму болады. Сондықтан «Заң мен тәртіп» идеологиясын қоғам болып қолдау – әр азаматтың ортақ міндеті.

Мемлекет басшысы ұсынған «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы, қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудан қатар, рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға да бағытталған. Заңға құрмет пен жауапкершілік сезімі ең алдымен тарихқа тазғым етуден, елге қызмет еткен тұлғалардың ерлігін бағалаудан басталады. Осы ретте өңірде тәрбиелік маңызы зор іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп келеді. Соның бірі – Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде

ұйымдастырылған «Ардагерге хат» патриоттық акциясы. Іс-шараны сотталғандар арасындағы тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыс бөлімінің қызметкерлері мен мекеме психологтері бірлесіп ұйымдастырды.

Акцияның негізгі мақсаты соғыс ардагерлерінің ерлігін ұлықтау, тарихи жадыны сақтау, сотталғандар арасында патриоттық құндылықтарды насихаттау және отбасылық дәстүрлерге құрмет сезімін нығайту болды.

Іс-шара барысында сотталғандар соғысқа қатысқан өз аталары мен арғы аталарына арнап хат жазды. Олар майданда Отан үшін күрескен аға буынның ерлігіне алғыс білдіріп, бейбіт өмір сыйлаған ұрпақ алдында қарыздар екендерін ерекше төбеленіспен жеткізді. Сонымен қатар олар соғысқа қатысқан туған-туыстарын еске алып, олардың ауыр тағдырлары жайлы өңгімеледі. Кейбір сотталғандар сезімдерін ашық жеткізуге мүмкіндік берген мұндай шараға алғаш рет қатысып отырғандарын жасырмады.

Сотталғандардың бірі хат жазу барысында өз өміріне басқаша көзқараспен қарағанын айтты.

Мен 38 жастамын. Есірткі заттарын таратқаным үшін сегіз жылға бас бостандығымнан айырылдым. Осында отырып көп нәрсені қайта ой өлемінде өткіздім. Атама хат жазба бастаған кезде ішкі әлемімде бір өзгеріс болғандықтан сезімдім. Отбасыма естіген өңгімелер есіме түсті. Жас кезімде соғысқа аттанған атам қиын-қыстау күндерді басынан өткізіп, бейбіт өмірге үмітін жоғалтпай оралған еді. Бүгін мен сол буынның қандай мықты болғанын түсінемін. Отан қорқыныш пен қайғыны жеңіп, болашаққа деген сенімім жоғалтпаған. Ал біз кейде ойланбай әрекет еткендіктен қателік жасап, өз өмірімізді өзіміз бұзып аламыз. Бұл хат мен үшін өз ар-ұятыммен ашық сөйлесу сияқты болды. Мен атамның мәні басқа адам ретінде көргенім қалаймын, – деді ол.

Мекеме қызметкерлерінің айтуынша, мұндай шаралар сотталғандардың тек эмоциялық жағдайына ғана емес, олардың өмірлік ұстанымдарына да оң әсер етеді.

Мекеме қызметкерлері мен психологтердің бірлескен жұмысы тек іс-шара өткізуден шектелмейді. Бұл – сотталғандардың бойында адамгершілік қасиеттерді, ел тарихына деген құрметті және отбасылық дәстүрлерді қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс. Осындай шаралар адамдарға өз әрекеттерін саралап, өмірлік ұстанымдарын қайта қарауға мүмкіндік береді, – дейді сотталғандар арасындағы тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыс бөлімінің бастығы Еркем Рахимов.

Ардагерлердің ерлігін еске алу – ұрпақтарды байланыстыратын маңызды шара. Бұл сотталғандардың отбасы және қоғам алдындағы жеке басының жауапкершілігі туралы ойлануына ықпал етеді. Сонымен қатар мұндай шаралар мекемедегі моральдық-психологиялық ахуалдың тұрақтылығын сақтауға, олардың әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі, – деді Еркем Рахимов.

Бүгінде «Заң мен тәртіп» қағидаты тек құқық бұзушылықтың алдын алу ғана емес, адамды рухани тұрғыдан тәрбиелеу, қоғамға қайта бейімдеу және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру бағытында да маңызды болып отыр.

Өткенді құрметтейтін, тарихтан тағылым алған адам ғана болашағына жауапкершілікпен қарай алады. Ал отанышылдық, адамгершілік құндылықтар – қоғамдағы тұрақтылық пен бірліктің негізі.

## МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙТІЛДІ

**Облыс көлемінде ауыл тұрғындарының тыныштығы мен мал шаруашылығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Мал ұрысы» жедел алдын алу іс-шарасы өтті. Аталған шара мал ұрлығының алдын алу, осы бағыттағы қылмыстарды дер кезінде анықтап, жолын кесу және ауылдық жерлердегі қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған.**

**Ай-Керім МАҚЫШ,**  
**«Semei tauy»**

Мал ұрлығы - ауыл тұрғындарының әл-ауқатына тікелей әсер ететін өзекті мәселелердің бірі. Төрт түлік көптеген отбасының күнкөріс көзі әрі негізгі табыс көзі болғандықтан, мұндай қылмыстар азаматтарға елеулі материалдық шығын келтіреді. Осыған байланысты полиция қызметкерлері профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, құқық бұзушылықтың алдын алуға басымдық беруде.

Жедел алдын алу іс-шарасы барысында полиция қызметкерлері мал шаруашылығымен айналысатын елді мекендерді, қыстақтар мен жайылымдарды тексеріп, ет өнімдерін сатып алу және өткізу орындарына бақылау жүргізді. Сонымен қатар мал тасымалдаумен айналысатын көлік құралдарына ерекше назар аударылып, ветеринариялық және ілеспе құжаттардың болуы қатаң қадағаланды.

Құқық қорғау органдарының мәліметінше, мұндай тексерулер заңсыз мал тасымалы мен күменді ет өнімдерінің айналымының



алдын алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұрын мал ұрлығына қатысы болған немесе осындай қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты тексеру және профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Іс-шара аясында тұрғындар арасында кең көлемді түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындарына малды

қараусыз қалдырмау, түнгі уақытта бақылауды күшейту, қора-жайларды техникалық қауіпсіздік құралдарымен жабдықтау және малды міндетті түрде танбалау қажеттігі жөнінде кеңестер берілді.

Мамандардың айтуынша, малды бірқалау мен тіркеу ұрланған малды анықтауды же-

ңілдетіп, қылмыстың ашылуына көмектеседі. Сонымен қатар қора-жайларға жарықтандыру орнату, бейнебақылау құралдарын пайдалану және көрші шаруашылықтармен өзара байланыс орнату да қауіпсіздікті арттырудың тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады.

Полиция қызметкерлері азаматтарды сақтық шараларын күшейтуге шақырып отыр. Өсіресе күменді көлік құралдары немесе бейтаныс адамдардың әрекеттері байқалған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына хабар беру маңызды екені ескертілді.

Мамандардың пікірінше, мал ұрлығымен күрес тек полицияның ғана міндеті емес. Бұл бағытта тұрғындардың қырағылдығы, жауапкершілігі және құқық қорғау органдарымен бірлескен іс-қимылы маңызды рөл атқарады.

Бүгінде өңірімізде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. «Мал ұрысы» жедел алдын алу іс-шарасы да ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін күшейтіп, төрт түліктің аман-дығын сақтауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып отыр.

Қоғамдық тәртіп пен ауыл тыныштығын сақтау – баршаға ортақ міндет. Сондықтан әр тұрғын өз қауіпсіздігіне бейжай қарамай, сақтық шараларын қатаң сақтауы қажет. Қырағылдық пен жауапкершілік – қылмыстың алдын алудың басты кепілі.

**Абай облысында көпшіліктің қызығушылығын тудыратын, еліміздегі үздік бөлімшелердің бірі саналатын облыстық полиция департаментінің атты полиция взводы өз қызметін абыроймен жалғастырып келеді. Бұл тек атпен патрульдеу емес, бұл - қазақ халқының ғасырлар бойы жалғасқан атқа міну мәдениеті мен заманауи құқық қорғау жүйесінің үндескен көрінісі. Ұлы дала өркениетінің ажырамас бөлігі болған жылқы түлігі бүгінгі күні қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ерекше үлес қосуда.**

## ДАЛА РУХЫН САҚТАҒАН БӨЛІМШЕ



**Еркежан ҚАЙСА,**  
**«Semei tauy»**

Қазақ халқы ежелден жылқыны еркіндік пен тектіліктің символы санаған. Атқа міну өнері мен атбегілік дәстүрі ұлт болмысымен біте қайнасып кеткен. Бүгінде сол тарихи сабақтастықты Абай облысының атты полиция қызметкерлері жалғастырып келеді. Олар күн сайын қызметке шығып, дала полициясының ерекше рухын сақтап, ішкі істер органдарының қызметіне ұлттық сипат беріп отыр.

Абай облысы Полиция департаментінің атты полиция взводы жоғары тәртіппен, кәсіби дайындықпен және қозғалыс жылқыларға деген ерекше қамқорлығымен ерекшеленеді. Өрбір тұлпар - көлік қана емес, полициягердің сенімді серігі. Жылқы күнделікті арнайы күтімнен өтіп, тұрақты жаттығуларға қатысады. Қызметкерлер мен жылқылар арасындағы өзара сенім мен түсіністік - бөлімшенің басты ерекшеліктерінің бірі. Атты полиция қызметкерлері жануарлардың мінез-құлқын жетік меңгеріп, олардың физикалық дайындығына ерекше көңіл бөледі.

Кавалеристер автокөлікпен жету қиын аумақтарда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Олар Бейбітшілік аралында, жағалау аумақтарында, саябақтарда, саяжай алаптарында және баруға қолайсыз учаскелерде патрульдік қызмет атқарады. Атты патрульдердің басты артықшылығы - жылдам қозғалу мүмкіндігі мен кең аумақты бақылау қабілеті. Соның арқасында құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қоғамдық қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік бар.

Өсіресе мерекелік және бұқаралық іс-шаралар кезінде атты полиция қызметкерлері тұрғындардың ерекше ықыласына бөленеді. Сымбатты тұлпарлар мінген тәртіп саяшылары көпшілікке ерекше әсер қалдырып, өңірдің өзіндік көбелтін айықпанды түседі. Көптеген балалар алғаш рет атты полициямен жүздескенде ішкі істер органдарының қызметі туралы жағымды пікір қалыптастырады.

Бүгінде атты полиция взводды тек қоғамдық тәртіпті кепілді ғана емес, сонымен бірге ұлттық рухтың, ұрпақ сабақтастығының және қызмет мәдениетінің символына айналды. Мұнда күш пен тектілік, тәртіп пен дәстүр, кәсібилік пен жануарларға деген құрмет үйлесім тапқан.

Заманауи технология дамыған заманда да атты полиция қызметінің маңызы төмендеген жоқ. Керісінше, ол қазақы болмысты дәріптеп, құқық қорғау саласындағы ерекше бағыт ретінде қоғамның құрметіне ие болып келеді. Дала рухын сақтаған бұл бөлімше - ұлттық дәстүр мен заманауи қауіпсіздік жүйесінің жарасымды жалғасы.

## Темір тордың ар жағындағы тағдырлар

**Биыл Абай облысында жазасын өтеп жүрген бірнеше азамат заңды түрде некесін қидырып, отбасылық өмірге қадам басты. Бұл - қылмыстық-атқару жүйесінде адамның әлеуметтік байланысын сақтауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.**



**Еркежан ҚАЙСА,**  
**«Semei tauy»**

Облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты мекемеде тіркелген неке қию рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтті. Сотталған азаматтар мен олардың қалыңдықтары АХАТ органдары арқылы ресми түрде ерлі-зайыпты атанды.

Мамандардың айтуынша, отбасын құру сотталған азаматтардың түзелуіне, қоғамға қайта бейімделуіне оң ықпал етеді. Психологтердің пікірінше, жақындарының қолдауын сезіну адамның өмірге деген көзқарасының өзгеруіне, жауапкершілікті тереңіретін түсінуіне әсер етеді.

Неке қию рәсімі мекеме аумағында белгіленген тәртіппен өтті. Қатысушылар үшін бұл күн ерекше әсерге толы болды. Жас жұбайлар олар үшін жаңа өмір басталғанын, болашаққа сенімді екендерін жеткізді.

Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері мұндай шаралардың тәрбиелік маңызы зор екенін айтады. Өйткені отбасы құндылықтарын дәріптеу, адами қарым-қатынасты сақтау - қайта қылмыс жасаудың алдын алуға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жазасын өтеуші азаматтардың заңды некеге тұруға құқығы бар. Ол үшін белгіленген рәсімдер сақталып, тиісті мемлекеттік органдар арқылы тіркеу жүргізіледі.

МЕРЕЙТОЙ



Бала кезде мұғалімді сабақ үйретуші деп қана қабылдайсың. Уақыт өте келе оның тек пән оқытпайтынын, адам қалыптастыратынын, мінез тәрбиелейтінін, ой ұшайтынын ұғынасың. Ал ғылым жолына түскенде, ұстаздың тұтас бір мектеп, тұтас бір рухани әлем екенін түсінесің. Мен бүгінде әдебиеттану саласында ғылымның соқпақты жолында өзіндік ізімді салып жүрген болсам, осы жетістігімнің ең мықты іргетасын қалаған бірден-бір тұлға – Төлеуғазы ағай. Әдебиет пен тіл – егіз ұғым. Тілдің терең тұңғығына бойламай, сөздің құдіретін сезінбей тұрып, әдебиеттің асқар шыңына шығу мүмкін емес еді. Осы бір ақиқатты біздің санамызға шегелеп сіңірген де сол кісінің қарымды дәрістері болатын.

Ұстаздың тағы бір ерекшелігі – тарапсыздығы. Төлеуғазы Кәметайұлы тек білімімен ғана емес, азаматтық ұстанымымен де ерекшеленетін тұғырлы тұлға. Оның бойындағы ең басты қасиет – кісілік пен шыншылдық. Бұл кісі үшін ғылымда да, өмірде де «қырағандық келу» деген түсінік жоқ. Ұстанымы берік, тура биде туған жоқ екенін ісімен де, сөзімен де дәлелдеген жан. Бет-жүзіне қарап жалпақтауды білмейтін, кемшілігінді қас-қабағына қарамай тіке айтатын өр

СӨЗ ЗЕРГЕРІ, ТІЛ САҚШЫСЫ ТӨЛЕУҒАЗЫ КӘМЕТАЙҰЛЫНЫҢ АСҚАРАЛЫ АЛПЫС БЕЛЕСІНЕ ОРАЙ

Уақыт - ешкім тоқтата алмайтын жүйрік тұлпар. Кеше ғана студенттік шақтың жалынымен аудитория төріндегі ұлағатты ұстаздың аузынан шыққан әрбір сөзді інжу-маржандай теріп жүрген едік, міне, бүгін сол аяулы ұстазымыз, қазақ тілінің білгірі, парасат майданының тарланы Төлеуғазы Кәметайұлы алпыс деген асқаралы асуға шығып отыр. Бұл белес – тек бір ғалымның немесе бір тұлғаның ғана емес, тұтас қазақ тіл білімі саласының, оның ішіндегі ұлттық педагогиканың мерейі.

мінезі көпке үлгі. Басында жас студент ретінде оның бұл қаталдығы мен тарапсыздығынан сескенетінбіз. Алайда, уақыт өте келе сол бетке айтылған ащы шындықтың артында үлкен жанашырлық, шәкіртім ертең өмір сүрінгенде мұқалмасын, білімі таяз болып ұятқа қалмасын деген аталық мейірім жатқанын түсіндік. Ол бізді тек қазақ тілінің маманы етіп қана қойған жоқ, ол бізді рухы мықты, сөзіне берік, ұстанымынан таймайтын Азамат етіп тәрбиеледі.

Бүгінде алпыстың асқарына шығып отырған ұстазым туралы ой толғағанда, алдымен оның қазақ тіліне деген шексіз адалдығы мен кәсіби тазалығы көз алдыма келеді. Қазақ тілінің әр дыбысы мен әр сөзінің табиғатын, сөйлемнің әр қатпарын, грамматиканың әр иірімін шемішкеше шағатын маман ретінде танылған Төлеуғазы Кәметайұлы – сирек кездесетін тілші ғалымдардың бірі. Біз студент болған жылдары оның сабағына дайындықсыз келу мүмкін емес еді. Өйткені ол аудиторияға кірген сәттен бастап білімге деген жауапкершілікті талап ететін. Қай ереженің қайдан шыққанын, қай тұлғаның қандай қызмет атқаратынын, қай сөйлемнің не себепті солай құрылғанын дәлелдеп бере алмасаң, үстірт жауаппен құтылу қиын болатын. Себебі ұстаз үшін білім – жаттанды ақпарат емес, дәлел мен танымның, ой мен зерденің жемісі еді. Төлеуғазы Кәметайұлы қазақ тілін жай оқытқан жоқ. Ол бізге тілдің рух екенін, ұлттың жаны екенін

сезіндіре білді. Кейде қарапайым ғана сөйлемге жасаған талдауы тұтас бір дәрістің жүгін көтеретін. Сөздің астарына үңіліп, сөйлемнің құрылымынан автордың танымын танытып, тілдік құбылыстардың табиғатын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп бергенде, қазақ тілінің шексіз байлығына таңғалмай қалмайтынбыз. Төлеуғазы Кәметайұлы бізге тек тіл білімін ғана емес, азаматтық ұстанымының қандай болу керектігін де үйретті. Оның бойындағы тұрашылдық, әділдік пен шыншылдық әрдайым үлгі болды. Ол өмір бойы ақиқатты атап өтпеген жан. Ғылымда да, өмірде де жалғандыққа жол бермейтін. Көңілге қарамайтын, бетке айтатын, әділеттен айнымайтын мінезі бар. Кейде мұндай қасиет кейбіреуге қаталдау көрінуі мүмкін. Бірақ уақыт өте келе оның бәрі шәкірт үшін жасалған талап пен жауапкершілік екенін түсінесің. Өйткені нағыз ұстаз шәкіртің уақытына мақтат қояды емес, ертеңгі күні мықты маман болуын ойлайды. Сондықтан да оның сөзі әрдайым салмақты, пікірі әрдайым құнды болды.

Қазақ тіл білімі тарихында есімі алтын әріппен жазылған Қынаят Шаяхметұлындай кемелдердің қандай жалғасы, сол мектептің шоғын сүндірмей, жалынын лаулаптан нағыз мұрагері кім десе, мен еш ойланбастан Төлеуғазы Кәметайұлының есімін атар едім. Ұстазымыздың тілдік фактілерді талдау шеберлігі қандай еді! Қазақ тілінің күрделі синтаксисін, шытырманға толы

морфологиясы мен сөзжасамын тақта алдында борды қолына алып тұрып талдағанда, ең қиын деген ережелердің өзін шемішкеше шағатын. Оның лекциялары тек қана құрғақ теория емес, тілдің ішкі жан дүниесін, рухын сезіндіретін тұтас бір өнер туындысы секілді өтетін. Әрбір сөйлем мүшесін жіліктеп, сөздің түбірі мен қосымшасының арасындағы нәзік байланысты түсіндіргенде, біз ана тіліміздің қаншалықты бай, қаншалықты математикалық дәлдікке құрылған ғажайып жүйе екеніне көз жеткізетінбіз. Төлеуғазы Кәметайұлының тілге деген сүйіспеншілігі мен терең білімі біздің де бойымызға жұғып, сөзге деген адалдықты қалыптастырды.

Төлеуғазы Кәметайұлының бүкіл ғұмыры білім мен ғылымға, шәкірт тәрбиесіне арналды. Сан шәкірт оның алдынан өтті. Бірі мұғалім болды, бірі ғалым болды, бірі мемлекеттік қызметтің әр саласында еңбек етті. Бірақ олардың бәрін біріктіретін ортақ құндылық бар. Ол – ұстаздан алған білім мен тағылым. Нағыз ұстаздың құдіреті де осында шығар. Оның сабағы аудиториямен бірге аяқталмайды. Ұстаз сөзі шәкірттің өміріне айналады. Ұстаз енесі жылдар өткен сайын тереңдей түседі. Ұстаз ықпалы уақыт озған сайын айқынырақ сезіледі.

Күнделікті қызметіме, ғылыми еңбектерімді жазу барысында ұстазымыз берген іргелі білімі маған темірқазық болып келеді. Әдеби мәтіндерді талдағанда, сөздің астарына үңілген

де, бейсаналы түрде ұстазымның сабақтал сабақтарын еске аламын. Менің әрбір жетістігімде, жазған әрбір мақаламда сол кісінің маңдай тері мен төккен нұпы бар екенін мақтанышымен айтамын.

Құрметті Төлеуғазы Кәметайұлы! Сізді асқаралы алпыс жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Алпыс – тал түс, кемеліңізге келіп, ақылыңыз дариядай тасып тұрған шақ. Алпыс жас – асу ғана емес, белес. Бұл – артқа қарап, атқарылған істі саралайтын, алға қарап жана мақсаттарға ұмтылатын кезең. Қазақ тіл білімінің көгінде жарқыраған жұлдызыңыз ешқашан сөнбесін. Сіздей шыншыл, турашыл, ілімі терең ұстаздан тәлім алғаным – мен үшін үлкен бақ. Қаламыңыз мұқалмасын, ғылымдағы сапарыңыз жаңа белестерге ұласа берсін. Мықты денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Соныңыздан ерген шәкірттеріңіз көп болсын, ұлағатыңыз ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсін!

Ұстаз бақыты – шәкіртің жетістігі десек, Сіздің бақытыңыз мол. Өйткені Сіз тәрбиелеген шәкірттер бүгінде елдің әр түркірінде еңбек етіп, қазақ ғылымы мен білімінің дамуына үлес қосып жүр. Қазақ тілінің қадірін шәкірт жүрегіне сіңірген, ғылымның биік талаптарын үйреткен, әділдік пен шыншылдықтың үлгісін көрсеткен Төлеуғазы Кәметайұлының еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ, шәкірті

БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

«АҚ БАНТИКТІ» КЕШПКЕРІ ҚАЙДА ЖҮР?

Соңғы қоңырау соғылған сәтте ғана емес, өткен ғасырдың 60-70 жылдары жастар бас қосқан әр ортада «Ақ бантик» әні міндетті түрде шырқалатын. Бүгінде бұл ән сирек айтылғанымен, аға буын үшін жастық шақтың ең аяулы естеліктерінің бірі болып қалды.

Ал осы әннің көйпекері кім еді? Бір кезде шашына ақ бантик байлаған балауса қыз бүгінде ақ жаулық жамылған аяулы әжеге айналған. Мұхтар Шахановтың сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың халық жүрегінен орын алған әйгілі «Ақ бантик» әнінің көйпекері – Патима Төреханова атты шымкенттік ана. Ел ішінде оны «Ақ бантик» деп атап кеткен. Патима апа жайлы осы ән халық жадында жастықтың жарқын кестерінің елесіндей болып сақталып қалды.

ниетпен ақын мен сазгер жас келінге арнап ән жазады. Сөйтіп, «Ақ бантик» дүниеге келеді. Өн алғаш рет сол үйлену тойында орындалған екен. Жас келіннің мектептен кеше ғана шыққан балауса бейнесі ақын мен сазгерге шабыт берген.

Патима апа өз естелігінде: «Бұл ән тек маған ғана арналды деп айтпаймын. Ол – барлық ақ бантик таққан қыздардың әні», - деген еді. Оның осы қарапайым сөзі-ақ болмысын аңғартқандай.

Патима Төреханова мен Қаражан Әбләзімов бес бала тәрбиелеп өсірген. Патима Әшірқызы өмірінің көп бөлігін отбасы мен бала тәрбиесіне арнаған. Үйлерінен талай зиялы қауым өкілдері дәм татқан. Тіпті Қазақтың біртуар перзенті Дінмұхамед Қонаев та бұл шаңырақтың дастарқанынан дәм ауыз тиген екен. Сонымен бірге әннің алғашқы орындаушыларының бірі Нұрғали Нұсипжанов та олардың қадірлі қонақтарының қатарында болған.



Өкінішке қарай, Қаражан Әбләзімов 1994 жылы дүниеден өтеді. Ал Патима апа қара шаңырақтың отын өшірмей, ұрпағының ортасында ғұмыр өкешен.

Бұл – бір ғана әннің тарихы емес. Бұл – тұтас бір буынның жастығы, сағынышы, аппақ арманы.

Балауса қыз едің бір кезде, Шашыңа ақ бантик байлаған... - деген жолдар әлі күнге талай жанның жүрегін тербейді.

ІШКІ АУДИТ

500-ДЕН АСА ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2026 жылдың бірінші тоқсанында жалпы сомасы 138,8 млрд теңгені құрайтын 7901 лотқа қамаралдық бақылау жүргізді. Зерделеу нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар бойынша 506 лоттан заңнама талаптарының бұзылуы анықталып, 16,8 млрд теңге сомасына хабарламалар жолданды.

Белгіленген мерзімде жалпы сомасы 16,7 млрд теңгені құрайтын 496 хабарлама орындалды. Қалған хабарламалар бойынша орындау мерзімі әлі басталған жоқ. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес, хабарламаларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін лауазымды тұлғаларға қатысты 9 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, материалдар сотқа жолданды. Бұл ретте, ең жиі кездесетін бұзушылықтардың бірі – конкурстық құжаттамада заңнамада көзделмеген талаптардың белгіленуі.

А.АДИЛХАНОВ, Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті камералдық бақылау бөлімінің басшысы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

10.07.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Үржар ауданы, Шолпан а.о., Шолпан а., Абай к-сі, 36А мекенжайындағы әкімдік ғимаратында «Абай облысы Үржар ауданындағы «Харбор 2» учаскесінде көң таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі:

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Онлайн конференцияға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C.MgTrp2URVw5K5QZTmmVrQh10TG.1 Конференция идентификациясы: 677 493 52 75 Кіру коды: YZ1mVb Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Чайна Харбоур Инжиниринг Компания ЛТД.» Қазақстандағы филиалы. БСН: 240541015694. Мекен-жайы: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 29/1, н.п. 1, тел. 87051827688, e-mail: hskti@chec.bj.cn. Өзіндік: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 11044000973. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165. Тел.: +77002664282, email: zh.zherkoinauy@mail.ru. Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурс: https://ndbecology.gov.kz/ және электрондық мекенжайы irlgrf.abay@akimat.abai.gov.kz бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

«Семей таны» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған. Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА. Бас редактордың орынбасары - Роза ПУШПАҚОВА. www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VP00121173, 05.06.2025 ж. Газет «АБАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен баспалып шығады. Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады. Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында. Меншікті тілшілеріміз: Бороудихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08. Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155 Кезекші редактор Ай-Керім Сәрсенқали